| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............. минут | Бүгінгі  ҰІӘ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>– Егер ұіә қызықты өтті деп ойласаң  қатты шаплақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Орманға саяхат»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.<br>Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Марш ырғағын тыңдайды.<br>Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр.<br>«вальс» ырғағы баяу,созыңқы,сабырлы.<br>Қояндар көңілді, шапшаң, жеңіл биледі.<br>Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындауды үйренеді<br>Әнді көңілдене айтуға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Орманда нелер өмір сүреді?<br>Қандай жануарларды білеміз?<br>Сендерге қай жануар ұнайды? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балаларөткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басталады.<br>«Біз үшін» Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.<br>**Ал балалар,балалар,**<br>**саяхатқа шығайық.**<br>**Ормандағы аңдарға**<br>**көлікке мініп барайық!**<br>«Саяхат» шығармасын тыңдай жүріп,балалар көлікке мініп,орманға барады. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Балаларды отырғызып, «Вальс» шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады.<br>Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады.<br>**Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады.**<br>**Аюлардың вальс билеген суреті.** Тапсырманы алып, топқа келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.<br>Көлікке бірге мінейік, әрі қарай кетейік, | Ағаштар,билеп тұрған аюлар,вальс,марш ырғағымен тұрған |

| | | |
|---|---|---|
| | жылдамдатып жетейік.<br>**Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.**<br>Жетекші: балалар, қояндар қалай билейді?<br>**«Көңілді би» шығармасын тыңдауды ұсынады.**<br>Көлікке енді мінеміз, әрі қарай кетеміз,-деп тағы сапарларын жалғастырады.<br>**Үшінші ағаштағы тапсырма- қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті.**<br>**«Мерекелік марш» шығармасын тыңдаймыз.**<br>-Балалар,қасқырлар қалай жүріп жатыр?<br>көлікпен үйлеріне қайтып келеді.<br>-осымен саяхатымыз аяқталды.<br>Ал енді,балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші.<br>**Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу,** созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.<br>**Екінші аялдамада қояндар шапшаң**, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді.<br>**Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен,** жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.<br>Әндетейік, жырлайық,<br>әсем әнге салайық.<br>Жаттықтырып даусымызды,<br>әйбат бала болайық.<br>**Дауыс жаттығуы:** Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсету<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келеміз»**<br>Би билейік ырғалып,<br>секірейік жұптасып.<br>Кезек-кезек, оңға-солға<br>аяқтарды созайық.<br>**Би: «Қосарланып билеу»**<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл не?».**<br>Аңда рбейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу.<br>Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды. Өз анасын тауып береді. | қасқырлар, көңілді секірген қояндар.<br>Тапсырмасы бар текшелер. |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер?<br>-аюлар қалай биледі?<br>-қасқырлар қалай биледі?<br>-қояндар қалай биледі?<br>Балалардың бүгінгі ұіә белсене қатысқандарын айтып мадақтайды. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Көңілді ырғақтар»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3">1 сағат</td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="4">Көңілді әуенді тыңдап,сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="4">жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;<br>шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады;<br>әуеннің басталуы менаяқталуына мәнбереді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="4">Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="4">Балалар өткен ұіә сұрақтарға жауап береді, музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.</td></tr>
<tr><td colspan="5">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="3">1.Балаларды көңілді қарсы алады.<br>Педагог:Әшекейлер әдемі,<br>Бірге тербеледі.<br>Қолымызда жарқырап<br>Сәнге бөленеді.<br>«Түсті шашақпен би»(А. Жилинский)<br>Педагогтің көрсетуімен би қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап,<br>би қимылдарын ескетүсіріп,әуен ырғағымен билеугеүйрету.</td><td>түстішашақтар-«әшекейлер»,ысқырық,нота хрестоматиясы.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="3">Музыка тыңдау:<br>Ән үйрену: «Көңілді балалар әні»<br>Б. Дәлденбай, Е. Өтетілеуұлы<br>- Әнде не туралы айтылған?<br>- Ән көңілді ме,<br>әлде көңілсіз бе?</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | - Көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы деп бөлеміз.<br>Біздің шырқаған әніміз қайсысына жатады? Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.<br>**Ойын: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова, А. Асылбек).**<br>Балалар шеңберді айнала отырады.<br>Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады.<br>Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату.<br>Отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.<br>**Әуенді-қимылды қозғалыс:** топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа<br>Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | ҰІӘ-неқысқашашолужасау.<br>– Қандай ән тыңдадыңдар?<br>– Әннің сипаты қандай екен?<br>Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау.<br>Қоштасып,көңілді шығарып салу. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td>ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Мен әдепті баламын»</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3">1 сағат</td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td></td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу.<br>Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді.<br>Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады.<br>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев)<br>Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойп, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шыркөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету</td><td>қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="2">Дид ойын: «Тату достар».<br>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>-Кім билегенді ұнатады?<br>Дауыс жаттығулары:<br>Өн жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.<br>Өн үйрену: «Мен әдепті баламын»</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.<br>Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.<br>түсінеді.<br>Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.<br>**Сергітужаттығуы:**<br>Ойна, ойна, ойнайық,<br>Биле, биле, билейік.<br>Ойынойнапкөңілді,<br>Қызыққатоймайық!<br>**Қим ойын: «Досыма гүл сыйлаймын»**<br>Шарты: Шеңберде тұрып,  гүлді қатарға берген сайын, гүлдерді толықтырып отыру..<br><br>**Ойын:** «**Алтын қақпа**». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтайды. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгінгі  ҰІӘ  туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ  балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>белсене араласқан балаларды ерекше атап өту. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘ тақырыбы:** | **«Дәрумендер досымыз»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҮІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілі келгенде дәруменнің адам денсаулығына маңыздылы-ғын, денсаулыққа қажетті жағдайлар, денсаулықты сақтау туралы түсіндіру. Ән мәтінін дұрыс айтуға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсінеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы?<br>Қандай биді ұнатасың?<br>Билеген ұнай ма? | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды. | |
| | **ҮІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | **Балалармен амандасу.**<br>**Проблемалық сұрақ:** Пайдалы және салауатты тағам деген не?<br>Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді. | |
| **ҮІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Музыка тыңдау: Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.<br>***Ән айту:«Жемістердің пайдасы»* (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).**<br>Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Балалардан не туралы айтылып отырғанынсұрақ-жауап арқылы сұрайды.<br>Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады.<br>Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.<br>**Дид ойын: «Атын ата»**<br>**Шарты:** суреттегі жемістермен көкөністерді атау.<br><br>**Ойын : «Жемістер мен көкөністер»**<br>**Шарты:** Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау. | |

| | | |
|---|---|---|
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.** | Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="4">Желтоқсан</td></tr>
<tr><td colspan="2">Міндеті</td><td colspan="2">Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Мен Отанды сүйемін</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету.<br>Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">әуенді сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.<br>музыканы тыңдап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «жеңіл», «көңілсіз», «көтеріңкі» сипаттарын ажыратуды игереді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">сабырлы, көңілді, ырғақ.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Сұрақ -жауап</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру</td><td colspan="2">Музыкалық сәлемдесу.<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:<br>– Сен қай мемлекетте тұрасың?<br>– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?<br>– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің</td><td>Дидактикалық материалдар</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>....... минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Керуен» (муз. К. Дүйсекеев).<br>– Керуен деген не, білесің бе?<br>– Керуенге қандай жануарлар қолданылады?<br>– Бұл шығарманың қарқыны қандай?<br>– Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Дауыс жаттығулары:** «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.<br>**Ән айту:** «Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).<br>Отан – туған еліміз,<br>Отан – туған жеріміз.<br>Отан – ортақ үйіміз,<br>Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету. Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту. Көңілді – веселый<br>**Аспаппен танысу:** Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.<br>**Ой қозғау.**<br>Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......... минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Ұіә балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер ұіә қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Туған жерім – тұғырым»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Туған жер, ауыл туралы түсіндіру, сұрақ-жауап алу. Ән мәтінін түсіндіру.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">музыкадағы бейнелерді ажыратуды, әннің сергек сипатын, қимылын бере біледі.<br>музыка ырғағымен асатаяқты ұстауды игереді.<br>музыканы тыңдап, билеуді, қозғалуды, тоқтауды үйренеді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">елім менің.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">тәуелсіздік туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттап, сезініп, баршаға би ырғағымен жеткізе білу.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыкалық сәлемдесу. «Сәлем! (әндете амандасу).<br>Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды».<br>Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.<br>Туған жерге құрақ болам,<br>Шуақ болып жылынар.<br>Туған жерге бұлақ болам,<br>Шөл қандырар суы бар.<br>Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.</td><td>отан туралы суреттер, нота хрестоматиясы</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев).<br>– Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады?<br>Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну.<br>«Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Дид ойын: «Ойлан тап»**<br>Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды?<br>Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.<br><br>**Ән айту:«Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).**<br>Көк байрақтың бетінде,<br>Қыран бүркіт қанатты.<br>Сол қырандай еркіндеп,<br>Бала өседі талапты.<br>(М. Әлімбаев)<br>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.<br>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен?<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.<br>**Дид ойын: «Сипаттам»**<br>Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің?<br>Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың?<br>Өз елің туралы әңгімелеп бер.<br>Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ Тақырыбы:</td><td colspan="2">Астанаға саяхат</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Астана туралы түсіне отырып, әнді аспаптың сүйемелдеуімен айта алады.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды.<br>музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.<br>шығарманы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">шаңғы, шана, ойма.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік. «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Жетекші балаларды<br>«Көңілді марш» ырғағымен күтіп алады.<br>Жаттықтырып денені,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бәр-екі, бір-екі,<br>Адымдап біз жүреміз, - деп<br>«Музыка ырғағымен<br>жаттығамыз» ырғақты қыймылдар жасайық.<br>Сәлемдесу жаттығуың жалғастырады.<br>Балалар пойызға отырып, Астанаға барып келейік. РЭП ырғағымен әндете:<br>Гүлдене бер, Астана!<br>Пыш, пыш, пыш, пыш.<br>Астанамыз – бас қала!<br>Гу-гу-гу-гу.<br>Жасай берсін кең дала !<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Тоқтатамыз пойызды,<br>Пыш, пыш, пыш, пыш.</td><td>дидактикалық материалдар</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Асқақтаған, Астана!»<br>(А. Әлиев, Н.Айтұлы) әнін тыңдайық. Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлейік.<br>-Астана қандай қала?</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ....минут | -Әннің сипатын ажырат?<br>**Дид ойын: «Сипатын ажырат».** Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек<br>Балалар суретке немесе тақтаға қарап, Астана туралы қысқаша фильм көреді.<br>Балалар әнді тыңдайды. Астана - әдемі,жаңа қала. Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады.<br>**Дауыс жаттығуы: «Менің елім»**<br>(Г. Абдрахманов) әнін бірнеше рет айту.<br>**Ән үрету: «Бәйтерек» (Б.Әлімжан,** Ж. Маханбетова).<br>**Билеп үйренейік: «Қара жорға»** балаларды тұрғызып, би қыймылдарын көрсетеді. Балалардың қыйалына байланысты би жарысын ұйымдастырылады көңілді,<br>Әнді бірінші тыңдап алып, сұрақтарға жауап береді.<br>Әнді анық айтуға, бірдей бастап бірге бітіруге тырысады.<br>Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды.<br>Буындарын еркін қозғауға тырысады. | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | **Музыканы тыңдаған ұнай ма?**<br>**-Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер.**<br>Балалардың жауаптар тыңдалады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | | **Қыс қызығы** | |
| **Күні:** | | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | **Мад** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, әуен сазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды.<br>музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.<br>шығарманы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды. | | |
| **Тілдік мақсат:** | шаңғы, шана, ойма. | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік. «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.<br>Қыс келді, қыс мұз – қарлы,<br>Қыраулы да ызғарлы.<br>Қыс келді, қыс боранды,<br>Қырат көрпе оранды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Өлеңде не туралы жазылған?<br>-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?<br>-Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар. | | **Тақырып бойынша суреттер.**<br>**Әдіс –тәсілдер: сұрақтар,түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып** | **Ән айту: «Қыс қызығы»**<br>(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуүлы). | | |

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс** ....минут | Әнді музыка жетекшісі орындап береді.<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Қандай көңіл күйде?<br>Мәтінін әуенге қосылып үйрену.<br>**Ойын: «Қасқыр мен көжек».**<br>Музыканы тыңдай отырып,әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.<br>**Би: «Қасқыр мен қояндар».**<br>Көрініс би («Билеп үйренейік»).<br>Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.<br>Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді. | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия** .........минут | Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>-Қорытындылау, бағалау, марапаттау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | **Жасыл шырша** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | **МАД** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту. Шырша әнін қимыл- қозғалыспен орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды, музыкамен дауыс жаттығуын айтуды меңгереді | |
| **Тілдік мақсат:** | шаңғы, шана, ойма. | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік. «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.<br>Айналамда ұшып жүр,<br>Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров)<br>-Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс сендерге несімен ұнады?<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Балдырғандар ойнайды.<br>-Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр. | **Тақырып бойынша суреттер.** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....минут | **Ән айту:** «Шырша жыры» Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден<br>Аппақ, аппақ,<br>Жапалақтап<br>Қар жауады тыңбастан | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қалың орман,<br>Қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан<br>О, алақай аяз ата!<br>Келе жатыр алыстан<br>Кел билейік, үйренейік<br>Ол келгенше жаңа жыр<br>Құтты болсың, құтты болсың<br>Құтты болсың, жаңа жыр.<br>Балалар жұмбақ –өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.<br>**Әуенді – ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар»** Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау**.** | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | -Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?<br>-Қандай ән үйрендік?<br>-Қандай әуенге қимылдар жасадық?<br>-Бидің аты қалай? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Театр көрінісі арқылы тақырыпты түсіндіру,<br>Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">әр аңға тән музыканы ажырата, тани білулері керек.<br>қыс қызығы туралы түсініктерді игереді.<br>музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады.<br>Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің?<br>Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td align="center">Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2" align="center">Жоспарланған іс-әрекет</td><td align="center">Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады.<br>Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады.<br>Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді.<br>Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты.<br>Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын<br>Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).<br>Мияу-мияу, мен айтамын.<br>Ақтөс: әуп-ауп, мен айтамын.<br>Ертегіші. Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?<br>Мысық Марғау қалай дыбыстайды?<br>Ал Ақтөс ше?<br>Марғау: мияу-мияу,мен айтамын.<br>Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп.</td><td align="center">Тақырып бойынша көрнекіліктер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Ертеғіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?<br>Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).<br>Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.<br>-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе? | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.<br>Марғау жылайды.<br>Ақтөс: сен неге жылап отырсың?<br>Марғау:Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.<br>Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.<br>Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме?<br>Түлкі:(келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?<br>Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?<br>Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.<br>Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен<br>біз саған Марғауды тауып береміз.<br>Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсыңдар?<br>Ертегіші:Біз саған «**Жасыл шырша жанында»** әнін тарту етеміз.<br>Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.<br>Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен,текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.<br>Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларғаүлестіреді.<br>-сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?<br>Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.<br>**Дид ойын: «сөйлейтін бубен».**<br>«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады.<br>Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.<br>Ертегіші: түлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық.<br>Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін<br>екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | | |
| **Міндеті** | **Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету**<br>**Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.**<br>**Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру.** | |
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | **Қыс өрнегі** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | **МАД** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілінің қызықты сәттерін әңгімелеу, әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуды,<br>әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйрету | |
| **Күтілетін нәтиже:** | шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды.<br>әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сақтауды.<br>ән мазмұнын тыңдап, әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды. | |
| **Тілдік мақсат:** | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>**«Табиғат құбылысы»** (үнтаспадан тыңдалады)<br>балаларға жауып тұрған қар ұшқандарын көз алдына елестетеді, аяқ ұшымен жүгіруді,қолдарымен қар ұшқандарын ұстауды сұрайды.<br>Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.<br>-Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен.<br>**«аққала көмекке шақырады».**<br>**«үш аю өз өнерін көруге шақырады» «қояндар жарысқа шақырады».**<br>Балаларды алаңға «кыс қызығы» ойын-сауығына шақыру.<br>Жетекші: кыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық. | **Тақырып бойынша көрнекіліктер** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс** | **«Шанғы тебеміз»** Е.Тиличеева.<br>Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.<br>Дид ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді» | |

| | | |
|---|---|---|
| .........минут | .Шарты: Қағаздан аққала құрастыру.<br>**«Қыс»** әнін Аққалаға айтып беру<br>**Дауысжаттығуы: «баспалдақ» Е.Тиличеева.** жаттығуды айтқызады,үйретеді.<br>Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.<br>Ән жаттығуымызды айтып, енді<br>Үш аюдың өнерін көруге барайық.<br>Дид ойын: «көңілді ырғақ».<br>Қоян дирижер рөлінде.<br>Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......минут | ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Бауырсақ ертегісі** | | |
| **Күні:** | **сағат** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Балалар ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға, музыка әуенімен ір кейіпкердің қимылын салуға үйрету.<br>Рөлде ойнау дағдыларын дамыту. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | балалар ертегіні сомдай, сахналай біледі.<br>Кейіпкерлерді дұрыс атап, музыка әуеніне байланысты қимылдар жасайды. | | |
| **Тілдік мақсат:** | Әннің ырғағына қандай жануарлар қимылдарын жасадыңдар?<br>Музыканы тыңдағанда көз алдыңа нені елестете аласың? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алады. Педагогтің таңдауымен балаларға таныс әуен ырғағыменшеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасаудыұсынады.<br>**«Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады.**<br>**Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рөлге бөлу.** | | **Тақырып бойынша көрнекіліктер** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>............ минут | - Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты.<br>Күй ойналып, ата мен әже әрі-бері жүріп, әженің қамыр илегенін көрсетіп,<br>бауырсақты терезе алдына келтіреді.<br>- Жата-жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады.<br>Қоян (әндете, белгілі бір әуенге салып): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін. Бауырсақ (әндете):<br>Мен атамнан қаштым,<br>Апамнан да қаштымі<br>Ал сенен қашу, қоян,<br>Қиын емес маған. Бауырсақ қашып кетеді. Музыка жетекшісі:<br>- Балалар, бауырсақ қояннан қашып кетті ғой. Кәне, бәріміз қоянның көңілін көтеріп, «Қояндар | | |

| | | |
|---|---|---|
| | биін» қосылып билейік.<br>Музыка ойналып, қасқыр шығады. Қасқыр (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.<br>Бауырсақ (әндете): Сен мені жеме, мен өлең айтып беремін (әнін айтады). Қасқыр аңтарылып қалады. Музыка жетекшісі:<br>- Қасқыр, сен ренжіме, балалар сенімен ойын ойнап, көңіліңді көтермек.<br>**Ойын: «Қасқыр қақпан».**<br>Қасқыр түсті қақпанға<br>Жортып келе жатқанда.<br>«Аяғым» деп шыңғырды,<br>Аяғымды сындырды. Осы кезде қорбаңдап Аю келеді, алдынан Бауырсақ кездеседі. Аю (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.<br>Бауырсақ әнін айтып қашып кетеді, Аю аузын ашып қалады. Музыка жетекшісі:<br>- Аю, сен ренжіме, балалармен ойын ойнаймыз.<br>**Қимылды ойын: «Аю мен қояндар».**<br>Түлкі (әндете):<br>Мен сұлу түлкімін,<br>Жай өтпес бір күнім.<br>Ішінде жүремін,<br>Айғай-шу күлкінің. Алдынан Бауырсақ кездеседі. Түлкі: Амансың ба, Бауырсақ!<br>(Әндете) Қандай эдемі болып кеткенсің! Бауырсақ әндетеді.<br>Түлкі: Құлағым естімейді, қайта айтшы Музыка жетекшісі:<br>- Балалар, бауырсақты түлкі жеп қоймақшы, кәне бәріміз құтқарайық. Қалай құтқаруға болады?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Түлкі, сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді ән айтып береміз.<br>**Ән: «Ертегілер».**<br>Бауырсақ әнін айтып, қасқырдан қашып кетеді.<br>Балалар шеңберде жүріп өлеңді айтып, қасқыр ортада аяғын ұстап қимыл жасады.<br>Аю қорбаңдап әуенімен ән салады, бауырсақты кездестіреді.<br>Аю балалармен ойын ойнайды.<br>Түлкі қутыңдап келеді. Бауырсақ әнін айтады.<br>Балалар бауырсақты түлкіден құтқарады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.....минут | Сұрақ –жауап. балалрды мадақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | | **«Тұлпарым»** | |
| **Күні:** | | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | **МАД** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Үй жануарларын атау, тұлпар деген не екенін түсіндіру. Музыка арқылы би қимылдарын үйрету. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Би қимылдарын жасауды біледі.<br>Төлдерді ажырата алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | Құлын, бота, бұзау, қой. | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ - жауап | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Жетекші балаларды көңілді қарсы алады.**<br>Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді.<br>**Үнтаспада орындалған М. Жәутиковтың «Сәби күлкісі»**<br>әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге,<br>өз жұптарын табуға үйретеді. | | **АҚТ техноло-гиясы, көрнекі құралдар.** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Б.Далденбай өндеген «Хайләйлім» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады.**<br>Құлындарым кісінеп,<br>боталарым боздады.<br>Бұзауларым мөңіреп,<br>қойым ерте қоздады.<br>-балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, -деп,музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады<br>«Боталардың желісі»<br>Е. Хасанғалиев.<br>Шығармасының сипатын түсіндіреді.<br>«Еркетайым» әні жылдам, көңілді сипатта орындалады.<br>«Ана әлдиі» асықпай, сабырлы сипатта орындалады.<br>Шығарманың үзінділерін тыңдату.<br>**Ән үйрену: «Тұлпарым» (ұлдар)**биін үйрету.<br>**Кимылды ойын: «кімге қай төл ұнайды?** | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады.<br>Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала  жеке-жеке көрсетеді, орнына тұрады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Балалардан қайда барғандарын сұрайды.<br>-бүгін қандай ән үйрендік?<br>Балаларды мадақтайды, қоштасады | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Қоянда қонақта</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td></td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге, жануарлардың қимыл- қозғалысын би қимыл-дарында көрсете алады.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді;<br>Таныс әндермен пьесаларды біледі;<br>Әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">паровоз,пойыз,«пш-пш»,«пух-пух», «гу-гу-гу»</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу. «Полька» («Түлкі»В. Косенко)<br>Шеңбер боймен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді,бір орында секіру, қарапайым би қимылдарын қайталауды ұсынады.<br>Балаларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауға шақырады.<br>Дид ойын: «Не қалай дыбыстайды?» («Қасқыр», «Аю, «Түлкі» Д. Ботбаев).<br>Жабайыаңдар туралы түсінік беру.Балаларды көңілді қарсы алу.Үнтаспада пойыз дауысы естіледі.<br>Пойызға біз барайық,Вагоннанорыныналайық,–<br>деп,«вагондарға»–тізбектелгенорындық-тарғажайғасыпотыру.<br>Ал паровоз бастайды,Пыш-пыш,пух-пух,Әнайтыпбізқостайық.<br>Әуенаяқталысыменбалалар«көңілдіпойыздан»түсіп,қысқыорманда«қыдырады».</td><td>Тақырып бойынша көрнекіліктер</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="2">Қызығушылықты ояту.<br>«Орманда»жүріп,«қар үйіндісінің»жанында тығылып отырған қоянға кездеседі.<br>Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады.<br>Балалар,қарандаршы,мынау тығылып отырған аңды танисыңдарма?<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Жүйріkқоян,саққоян.<br>Балалар, аққоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік,<br>**Ән айту:** «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев)<br>екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды.<br>Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анықайтуға үйрету.<br>Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.<br>**Қимылды ойын: «Қояндармен аю»(«Қояндармаршы»А.Райымқұлова).**<br>Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аюшығады.Қоянқалайбилейдіекен?<br>- Сендерге қоянмен бірге болған ұнадыма?<br>- **«Көңілді пойызға» отырып,жолға шығатындарын ескертеді.**<br>«Пойыз»дауысы естіліп,бірінің соңынан біріқатарласа жүреді.<br>Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгін қандай ән тыңдадыңдар?<br>Ән қандай екен?<br>Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">Су тіршлік көзі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="4">Табиғаттағы судың пайдасын түсіндіру, әнді педагогпен бірге қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="4">Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="4">Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды?<br>Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="4">Өткен ұіә қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды?<br>Өткен ұіә ке шолу жасау.</td></tr>
<tr><td colspan="5" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="3">Музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады.<br>– Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>....... минут</td><td colspan="3">Музыка тыңдау: «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету.<br>Дауыс жаттығулары: «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.<br>Ән айту: «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).<br>Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу.<br>Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.<br>Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).<br>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.<br>Ой қозғау.<br>Аққу қандай құс?<br>Судың пайдасы туралы не білесің?</td><td>«Аққу көлі» (үзінді)<br><br>«Саржайлау» күйі<br><br>«Су – өмірдің өзегі» әні<br><br>«Көбелек биі»</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?<br>Көбелектер неге ұқсайды?<br>Көбелектің түсі қандай болады? «Көбелек» биінің екпіні, ырғағы қандай? | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ ті балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Ақ тиін** | |
| **Күні:** | **сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Музыкалық сүйемел-деумен бір қарқында ән салуды, жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауды біледі. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Жұптаса ауыса отырып,би қимылдарын орындайды;<br>Музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;<br>Музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады. | |
| **Тілдік мақсат:** | тиін,жаңғақ | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру.<br>Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алады.<br>Педагогтің таңдауымен балаларға таныс әуен ырғағыменшеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасауды ұсынады. | **Тақырып бойынша көрнекіліктер** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыкатыңдау:**<br>«Полька»Б.Сметана)<br>Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға,мұқият тыңдап,сипатын сезінуге үйрету.<br>Көңілді әуен ойналып, ортаға тиін келеді(тәрбиешінің қолында ойыншық тиін).<br>Педагог: Балалар, бізге қонаққа келген бұл не? Танисыңдар ма?Тиін:<br>Мен тиінмін, тиінмін,<br>Қысқа жылы киіндім.<br>Қоймам толы жаңғаққа,<br>Ішіжылыүйімнің.<br>Тиін:Балалар,менкөңілді әуен әлемінен келдім.Маған көңілді ән айтып беріңдерші.<br>**Ән айту:**«Ақтиін» (Н.Жанаев, Ә.Бейсеуов)<br>Музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында қосыла, ән сөздерін анық айтуға үйрету.<br>Әннің мазмұнына көңіл бөлу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>**Қимылды ойын: «Көңілдіби»(Ө.Байділдаев)**<br>Шығарманың 1-ші бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-ші бөлімінде өкшелерін алға қою, екіаяқтыбіргеқою. Би 2-3 рет қайталанады.<br>**Дид ойын: «Кім епті?»**<br>Музыка ойналып, 2 топқа бөлінген балалар жаңғақты түсіріп алмай, «қоймаға» –себеттергетасиды.<br>- Балалартиінқалайсекірediекен?<br>- Тиінқандай? | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгін сендер тиінге жаңғақ жинауға көмектестіңдер.<br>Би билеп, ән салып,көңіл көтердіңдер. Жарайсыңдар!<br>Тиінмен қоштасып, балаларды шығарып салады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады.<br>Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады.<br>**«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау)**<br>Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл,еркін қимылдауларын қадағалайды. | себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылғанқағазданжасалған көбелек, нота хрестоматиясы. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Қызығушылықты ояту.**<br>Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.<br>Көктем қандай көрікті,<br>Балақайлар көріпті.<br>Дала гүлге толыпты,<br>Көбелек гүлге қоныпты!– деп, көбелекті гүлдерге қондырады.<br>Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек!<br>Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.<br>**Музыка тыңдау: «**Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен).<br>Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.<br>Әуенді тыңдап,қызығушылықтары артады.<br>**Әнайту:**«Көктем»(К.Қуатбаев,А.Асылбек)<br>Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес | |

| | | |
|---|---|---|
| | тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.<br>Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп,  анық айтуға үйретеді.<br> Балалар,көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?<br> Аленді көбелектер сияқты бибилеп үйренейік.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**«Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік»жинағынан).<br>Әуенге  ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.<br>«Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің  таңдауымен).<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Ұшасың сен көлбеңдеп.<br>Қызыл, жасыл керемет<br>Гүлгеқоншы,көбелек!– деп балаларды ойынға шақырады.<br>«Вальс»ойналып, ырғақпенжеңіл қозғалуларын бақылайды.<br>Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».<br>Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету.<br>Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Қандай көбелектер бар екен?<br>Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді.<br>Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| **Мамыр** | | |
|---|---|---|
| Міндеті | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>**Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.**<br>**Музыкалық (домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Ағайынбыз бәріміз»** | |
| **Күні:** | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Достық, мейрімділік туралы түсіндіру.<br>Достық туралы түсініктерін сұрақ-жауап арқылы толықтыру..<br>Балалар музыканы тыңдай отырып, қайталап айтуға, мәтіндегі сөздерді музыка ырғағымен дұрыс айтуға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата алады.<br>Балалар дауысты қалыпқа келтіреді, жаттығулар жасайды.<br>Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Сөздік жұмыс: қоңырау, ағайынбыз, тату -тәтті**<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Достық, татулық деген не?<br>Бір отбасында деген сөзді қалай түсінеміз?<br>Көп ұлтты деген не? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.<br>Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыка залында балаларды қарсы алады.**<br>Балалардың шеңбер бойымен жүгіруің, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.<br>Бір шаңырақта табысқан,<br>дос-бауыр көп, туысқан.<br>Отан-ортақ үйіміз,<br>көңілді ән мен күйіміз.<br>-Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқада ұлттың балалары бар: қазақ, орыс, ұйғыр, т. б. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, бірге | **Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті** |

| | | |
|---|---|---|
| | ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек. | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Музыкатыңдау: «Жайдарман»**<br>-Ән көңілдіме, әлде көңілсізбе?<br>Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады.<br>Ән сендерге ұнадама?<br>Ән айту алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауыстарын қалыпқа келтіру. Өткен сабақтағы әндерді қайталап, не туралы екенін, қалай айтылу керектігін еске түсіру<br>**Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз»**<br>-Ортақ болсын асқар тау,<br>Болсын жер де су да ортақ,<br>Болсын бізге ту да ортақ,- деп неліктен айтылған?<br>Біріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бірімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз,-деп отыр.<br>**Дид ойын: «Қоңыраумен »**<br>**Шарты:** Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады.<br>Педагог қоңыраулардың дыбысталуың көрсетеді.<br>Айырмашылығына тоқталады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды.<br>Ортаға балаларды кезек-кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.<br>**Дид ойын: «Биге шақыру»**<br>**Шарты:** алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылай бәрі түгел биге шығады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | **Қорытындылау, балаларды марапаттау.** | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | **«Ел қорғауға әзірміз»** | |
| **Күні:** | **сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Балаларды елді, жерді қорғауға тәрбиелеу. Мейрімділік, достық туралы әңгмелеу.<br>Балалар патриоттық әндердің түрлі сипаттарын ажырата білуге үйрету.. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | музыкалық шығармаларды тыңдап, салыстыру.<br>Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.<br>әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді меңгереді | |
| **Тілдік мақсат:** | әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау. | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ - жауап | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады.<br>Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді.<br>Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады.<br>«9 мамыр - Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **«Ел қоргауға әзірміз» (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық.**<br>Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді.<br>**Қим ойын: «Солдаттар»**<br>Шарты: Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.<br>Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы<br>Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді.<br>**Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов) үнтаспада тыңдайды.**<br>Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.<br>**Би: «Катюша» әніне көңілдене билеуді ұсынады.**<br>«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді.<br>Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды.<br>**Ән үйрену: «Момышұлы Бауыржан» (Е.Өміров, С.Тұрғынбеков).** | |

| | | |
|---|---|---|
| | Ардагерлерге арнап «Сарбаздар» әніне (М. Жәутіков) билеп беруді ұсынады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытын-дысы. Рефлексия** .......минут | - Қандай паркте болдық?<br>- Қандай әндер тыңдадыңдар? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Әннің не туралы айтылатына түсінік беру.<br>Музыканың шығармашылық іс-әрекеттін қарапайым, дағдыларын меңгеру.<br>Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, дыбысталуын ажыратуды. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: ұлттар, мекені, татулық | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызу.**<br>Күлімде күн күлімде<br>Бүлдіршіндер қуансын<br>Жарқырап күнде ашылды<br>Айналаға нұр шашылды<br>Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды. | Әр ұлттың суреттері |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Дауыс жаттығулары:** Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.<br>Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз,<br>Біз тату достармыз,<br>Біз үнемі біргеміз.<br>**Ән үйрену:«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев**<br>Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі.<br>Сөздің анық айтылуын қадағалайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Зеңгір көктем, нұрын төккен<br>Ортақ біздің күніміз<br>Жайнап өскен, жайдары өскен.<br>Біз өмірдің гүліміз<br>Бал достыққа, жолдастыққа,<br>Шақырады әніміз<br>Тыныштыққа нұр құшаққа<br>Бақыттымыз бәріміз.<br>Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді.<br>Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.түсінеді.<br>Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Ойна, ойна, ойнайық,<br>Биле, биле, билейік.<br>Ойын ойнап көңілді,<br>Қызыққа тоймайық!<br>**Ойын: «Етек-етек».** | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Қортынды. Сұрақ – жауап<br>Балаларды мадақтау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘ тақырыбы:** | **«Мен бақытты баламын»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҮІӘ-нің мақсаты:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуеннің сипатын, көңіл күйін, өз ойларын жеткізе әңгімелей біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | Музыкадан қандай әсер алдың? Тыңдаған әнді қалай бейнелер едің? Әннің мәтіні не туралы? | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Өткен ұіә алған білімдерін көрсете алады, музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі.<br>Өз ойларын еркін жеткізе әңгімелейді. | |
| | **ҮІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе!<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптар тыңдалады.<br>– Бақыт деген не? – Бақытты болу үшін не істеу керек? – Достарыңа бақытты болу үшін қандай тілек айтасың? | **Музыкалық сүйемелдеу**<br><br>**Доп** |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.............минут | **Музыка тыңдау:** «Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят).<br>«Еркін самғап ұшсын» деп,<br>Мәпелейміз, баптаймыз.<br>«Бейбітшілік құсы» деп,<br>Қайсы құсты біз мақтаймыз?<br>**Ой дамыту.**<br>– Ән сендерге ұнады ма? Неліктен?<br>Бейбітшілікті сен қалай елестетесің? Бұл ән қандай құс туралы? Әннің қарқыны, көңіл күйі қандай? Сен бұл құсты білесің бе? Мына құстардың арасынан көгершінді тауып, белгіле.<br><br>**Дауыс жаттығулары:** «Тақ-тұқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары.<br>Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (**муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән мазмұны мен көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау. «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Лапин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Полька (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.<br>**Ой қозғау.**<br>Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің?<br>Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың? Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.....минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Біздің ауыл тойы** | |
| **Күні:** | **сағат** | |
| **ТОП:** | **МАД тобы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Жаз жайлаудағы тіршілік туралы түсіндіру.<br>Жайлаудағы киіз үйдің, адамдардың тіршілігі туралы әңгімелеу. Ән мәтінін түсініп айтуға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың?<br>Музыканы тыңдай отырып не елестетесің? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ -жауап | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Жетекші балаларды қарсы алып, **«Марш»**(Л.Хамиди) әуеніне жүруді ұсынады.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Аяқты нық басайық.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Асулардан асайық, - деп әуен сипатынбере, ырғақты сезінеқозғалуларын бақылайды.Балаларға жайлаудыңсуретін көрсетіп,<br>**«Жайлау таңы»** (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады .<br>Балалармен «Жайлауда» атты әңгіме-сұхбатжүргізеді.<br>- Жайлауда не көрдің?<br>- Жайлау қайда болады?<br>- Дұрыс айтасыңдар,жайлау тау қойнауында,табиғаты әсем жердеболады.<br>Атамызды қуантып,<br>Жайлауга біз барамыз.<br>Құлыншақпен шабамыз,<br>Бұған жетер шамамыз, -деп | **Ресурстар:** дидактикалық материалдар |

| | | |
|---|---|---|
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **«Құлыншақ»**(Е. Тәшенов, Ә. Тәжібаев)<br>әнінің екпініменқұлыншақ шабысынкелтіріп жүруді ұсынады.<br>- Міне, атамыздыңкиіз үйіне де келдік.Қараңдаршы, қандайәдемі!<br>(Суреттен немесе слайдтан көрсету.)<br>Залға ата киімін киген педагог кіреді.<br>-Амансыңдар ма,қарақтарым! Жоғарышығыңдар!<br>Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды.<br>Педагог: «Киіз үйде не бар екен, көрейікші»,-деп үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді.<br>Киізүйдің жабдықтарын,жиһаздарын көрсетіп,атап айтуларын сұрайды<br>(сандық, бесік, үстел,сырмақ, қамшы, көрпе)<br>- Ал мына төрде ілулітұрған біздің ұлттық аспабымыз - домбыра.<br>Бұл аспап кімнің үйіндебар?<br>Дауысы бар, үні жоқ,<br>Шертсең күйі, әні көп<br>Құлагын аз бұра,<br>Бұл не?<br>Домбыраның сүйемелдеуімен әнайтады, күй ойнайды.<br>**Дауыс жаттыгуы:«Домбыра үні»**<br>Дыгы-дыгы, дың-дың,<br>Домбырада ойнаймыз.<br>Дыгы-дыгы, дың-дыц,<br>Ішектерді қагамыз,<br>Пернелерін табамыз.<br>**Ән үйрену: «Домбыра»**(Ж. Тұрсынбаев,А.Асылбек).<br>Балалардың ән сөздерін дұрыс, анықайтуын қадағалайды.<br>Аспаптың сүйемелдеуінсіз, ырғақты шапалақпенкөрсетіп, сөзінбуынға бөле жаттауға машықтандырады.<br>**Дид ойын: : «Киіз үй».**<br>Музыка жетекшісі балаларды ойынға шақырады.<br>Дөңгелене тұрайық<br>Киіз үйді құрайық, -деп ойынның мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, бақылайды. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | - Атамызға рақмет айтып қоштасайық.- Атаның киіз үйі қандайекен?<br>- Қандай заттарды көрдіңдер?- Қандай аспаппен таныстық?<br>- Домбырада қалай ойнайды? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘтақырыбы:</td><td colspan="3">«Біз мектепке барамыз»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3">2 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">Мад</td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="4">Балабақша мен мектеп туралы түсіндіру. Мектеп пен балабақшаның айырмашылығын түсіндіру.<br>Ән мәтініне назар аударып, педагогпен қосылып айту. Аспаптың сүйемелдеуімен әнді толық айтып шығуға үйрету.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="4">жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, дыбысталуын ажыратуды меңгереді<br>музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. . Әннің мәтінін дұрыс айта алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="4">ұстаз, мектеп, дана, аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз, қоштасамыз.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="4">Сұрақ - жауап</td></tr>
<tr><td colspan="5" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="3">Жетекші балаларды «Гүлдер вальсі» (П.И. Чайковский) ырғағымен қарсы алады.<br>Би ырғақтарын сезіне билеуге үйретеді.<br>Шеңбермен жүріп, өз орындарына тұруды, жұптарымен ілесе жүруді үйретеді.<br>Б. Бейсенованың «Ұстазға мың тағзым» әнін тыңдауға ұсынады.<br>Балаларды ойынға ұйымдастырады.<br>Дид ойын: «Әуенді тап»<br>Ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап, жарысып айтуға үйретеді.</td><td>аспаптар, мектеп құралдары.<br>үнтаспа, дискілер.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.......минут</td><td colspan="3">Ән үйрену: «Қош бол, балабақша» (Р.Төлендиева, С.Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады.<br>Жетекші балалардың жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетуін ұсынады.<br>Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады.<br>Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге үйретеді.<br>Ұлдарды «рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп<br>Вальс ырғағын қайталауды ұсынады.<br>Алдын ала дайындалған «Ирландық полька», «Гүлдер вальсі» билерін қайталайды<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан).<br>«КВН», «Әзіл-сықақ» театры миниатюраларынан үзінді үйретеді.<br>Балалардың рөлде ойнауын ұсынады. Ойын: «Алтын қақпа». Аспапта ойнау:</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Дид  ойын: «Сазды шатыр»**<br>Шарты: аспаптарда ойнауды ұсынады.<br>Музыка тыңдау; «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев). | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............... минут | Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды,<br>мектепке дайындықтарының жоғары екенін айтып мадақтайды. Қоштасады. | |

Бекітемін ______________
«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МККҚ
Директор: Иманалиева А.Ш
Әдіскер: Кульжанова Б.Д
Тексерілді ______________
«01» қыркүйек 2023 ж

Музыка бойынша ұйымдастырылған іс – әрекеттің перспективалық жоспары

Ересек топ

2023-2024 оқу жылы

**2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕСЕК ТОБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ҰІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.**

| | | |
|---|---|---|
| **Қыркүйек айы. 2023 ж** | | |
| Міндеті | **Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.** | |
| Тақырыбы | Мақсаты | Сағат |
| **«Біздің балабақшада»** | Ән мәтіні арқылы балабақша туралы түсіндіру. Музыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге, жетекшінің дауыс ырғағына еліктей отырып, балабақша туралы әнді айтуды үйрету. | **1** |
| **«Менің сүйікті достарым»** | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеру.Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | 1 |
| **Ойыншықтыр** | Музыкалық есту қабілеттерін арттыру,ойыншықты ұқыпты ұстауға,оларды әнге қосып айтуға үйрету. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | 1 |
| **«Мен өнерлі баламын»** | Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. | 1 |
| **Қазан айы. 2023 ж** | | |
| Міндеті | **Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру.Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.** | |
| Тақырыбы | Мақсаты | Сағат |
| **«Отбасым – бақытым»** | Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. | 1 |
| **«Мен бақытты баламын»** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты) Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату. | 1 |
| **Күз байлығы.** | Күз туралы түсіне отырып, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйренеді. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата біледі. | 1 |
| **Пайдалы жемістер** | Жеміс –жидектің пайдасы жайлы түсіндіру. Дәрумендердің адам өміріне әсері туралы, ойындар арқылы жемістерді дұрыс атауды үйрету. | 1 |
| | | |

| **Қараша айы. 2023ж** | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру,музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды ,әнді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.** | |
| **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат** |
| **Алтын күз** | Ән мәтіні арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Әнді сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | 1 |
| **«Шыныққан шымыр баламыз»** | Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар орындау | 1 |
| **«Бағдаршам бағыт береді»** | Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. | 1 |
| **«Спорт – біздің досымыз»** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | 1 |

| **Желтоқсан айы. 2023ж** | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.** | |
| **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Сағат** |
| **Шақырамыз жарысқа** | Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. | 1 |
| **«Мен Отанымды сүйемін»** | Отан туралы, өз Отанынын сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. | 1 |
| **«Туған жерім – тұғырым»** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. | 1 |
| **«Қыс қызығы»** | Ән мәтіні арқылы қыс мезгілі туралы түсіндіру. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | дамытуға жетелеу. | |

**Қаңтар айы. 2024 ж**

| Тақырыбы | Міндеті | Сағат |
|---|---|---|
| **«Жасыл шыршалар» қайталау.** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | 1 |
| **Айнала ақша қар** | Қыс мезгілі туралы түсіндіріп, музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратуды үйрету. | 1 |
| **Орманға саяхат** | Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.<br>Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру | 1 |
| | | |

**Ақпан айы. 2024 ж**

| Міндеті | **Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.** | |
|---|---|---|
| Тақырыбы | Міндеті | Сағат |
| **Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»** | Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу.<br>дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. | 1 |
| **«Су – өмірдің өзегі»** | Тірі табиғат туралы түсіндіру, судың адм өміріне пайдасы, күнделікті өмірде сусыз өмір сүре алмайтынымызды түсіндіру. | 1 |
| **«Бағдаршам»** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. | 1 |
| **«Анашым – мақтанышым»** | Ана мейрімі туралы түсіндіру.Өлең жолдары арқылы аналарды сыйлау, құрметтеу жайлы үйрету .Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | 1 |

**Наурыз айы. 2024 ж**

| Міндеті | **Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.** |
|---|---|

| | |
|---|---|
| | **Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.** |

| Тақырыбы | Міндеті | Сағат |
|---|---|---|
| **Көктем келді** | Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету | 1 сағ |
| **«Наурыз – жыл басы»** | Наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау | 2 сағат |
| **«Наурызкөже»** | Наурыз көже қалай жасалады, қандай мерекеде жасалатыны туралы түсінік беру.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. | 1сағ |

**Сәуір айы 2024 ж.**

| Тақырыбы | Міндеті | Сағат |
|---|---|---|
| **«Табиғат тамшылары»** | Табиғат құбылыстарын түсіндіру.Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. | 1 |
| **Құстар дауысы** | Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | 1 |
| **Гүл көбелек** | Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру.<br>Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу;<br>Қимыл қарқынын өзгерте отырып,ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. | 1 |
| **Бауырсақ кіммен кездесті?** | Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. | 1 |

**Мамыр айы 2024ж.**

| Тақырыбы | Міндеті | Сағат |
|---|---|---|
| **«Тату доспыз бәріміз»** | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру.<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | 1 |
| **Ел қорғауға әзірміз** | Балалар Отанды қорғау туралы түсіне отырып, музыканың түрлі сипаттарын ажыратып айту. | 1 |
| **Біз өмірдің гүліміз** | Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу.<br>Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | 1 |
| **Жайлаудағы киіз үй** | Жаз жайлау туралы әңгімелеу, суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап.Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынына, динамикасына, ырғақтық суреттеріне сәйкес ән сала алады.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып би орындау. | 1 |

Бекітемін ____________

«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы»

ЖБК МКҚК

Директоры: Иманалиева А.Ш

Әдіскер: Құлжанова Б.Д

Тексерілді ____________

«01» ____09________ 2023ж

# МУЗЫКА БОЙЫНША ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

## ЕРЕСЕК ТОП

**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| **Қыркүйек** | | |
|---|---|---|
| Міндеті | **Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.** | |
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Біздің балабқшада»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Ән мәтіні арқылы балабқша туралы түсіндіру.<br>Музыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге, жетекшінің дауыс ырғағына еліктей отырып, балабақша туралы әнді айтуды үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажырата алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Әуен қалай естіледі, көңілді ме, көңілсіз бе?<br>Қандай аспаптың дауысын естідің?<br>Ән тыңдаған ұнай ма? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма би көрсете біледі.<br>Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын бере орындайды. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.<br>**Балабақшада.** Ернұр Сейдахмет<br>Күлімдейді күніміз.<br>Көңілді ән-күйіміз.<br>Асыр салып жүреміз, | Музыкалық сүйемелдеу<br><br>Мектеп туралы суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәртіп бұзбай жиі біз.<br>Білеміз біз, сұраңыз.<br>Жаттап алдық жыр-аңыз,<br>Тәрбиеші апайдың,<br>Айтқанын тез ұғамыз.<br>Өлең не туралы айтылған?<br>Балабақша  ережелері, қызметі туралы түсінік беру. | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...... минут | **Музыка тыңдау:Сөзі: Фариза Оңғарсынова   Әні : Айжігіт Асанов«Достар»**<br> «Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айтуБалабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)** саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу. Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.<br>**Ой  қозғау.**<br>Балабқшаға  не үшін барасың? Балабқшадан не үйренесің?<br>Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле.<br>Балабақшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың? | Аудиожазба «Достар» (үнтаспа)<br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуы<br><br>Нота хрестоматиясы. Музыкалық аспаптар немесе слайд суреттері |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | -Бүгінгі ұіә  туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>-Ұіә балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң, аяқпенен топылдат топ- топ | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

Іс-әрекет түрі: **Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | «Менің сүйікті достарым» | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | **«» ересек тобы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Балалардың музыкаға деген құштарлығн арттыру, достық туралы түсіндіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба?<br>Саған қандай әндер ұнайды?<br>Музыка тыңдағанды ұнатасың ба?<br>Көбіне қандай музыкалар тыңдайсың? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта әннің не және кім туралы айтылғанын естеріне түсіреді. Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Педагог:** Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларындағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. | Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.<br>**Ән айту:** «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады. | «Балалардың бақыты» әні<br><br>«Телқоңыр» күйі |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.<br>**Ой қозғау.**<br>Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. | «Достасайық бәріміз» әні<br><br>«Соқыртеке» әні |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Смайлктер беру | Смайлктер |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)** | |
| **Күні** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Музыкалық есту қабілеттерін арттыру,ойыншықты ұқыпты ұстауға,оларды әнге қосып айтуға үйрету.<br>Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br>Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.<br>Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>Ойыншық бізге не үшін керек?<br>Ойыншықтар неден жасалады? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Әуенді –дидактикалық ойын**: **«Әуенді сағат»** ойналады.<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.<br>Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады.<br>Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. | қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі. |
| ҰІӘ-нің ортасы | **Музыкатыңдау:**«Мәшине» (К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев) | |

| | | |
|---|---|---|
| **ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену.<br>Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.<br>Жол  ережелері туралытүсінік беру.<br>**Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)**<br>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>Айғайламай, дауысқа  күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру.<br>Таныс әндерді қалаулары бойыншақайталау.<br>**«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев,**<br>**Н.Әлімқұлов)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Бөбектер биі» (К.Қуатбаев)<br>Балаларжұптасып тұрады.<br>1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелiқимылжасайды.<br>2-бөлімдеқол ұстасып айналады.<br>Кел, ойнайық, ойнайық,<br>Қызыққа бір тоймайық!<br>депойынғашақырады.<br>**Дид ойын: «Музыкалық қалпақ»**<br>**Шарты:**  музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгінгі  ҰІӘ  туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br> – Егер ұіә қызықты өтті деп ойласаң  қатты шаплақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тақырыбы:** | **«Мен өнерлі баламын»** | | |
| **Күні:** | 1 сағат | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҮІӘ-нің мақсаты:** | Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты. мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен?<br>Қандай әндерді, әншілерді білесің? | | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-ші шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. | | |
| **ҮІӘ өткізілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру. | | Бубен аспаптары |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Музыка тыңдау:**«Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай?<br>**Дауыс жаттығулары:**«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айту:**«Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм | | «Күзгі вальс», «Балдырғандар маршы» музыкасы Күз мезгілін бейнелейтін түрлі түсті сурет «Жаңғырық» дауыс жаттығуы<br><br>«Мен өнерлі баламын» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға баулу.<br>Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».<br>**Ой қозғау.**<br>«Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың? | Полька (Б. Сметан)<br>Аудиожазбалар,<br>бейнематериалдар |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......минут | балалардың пікірлерін тыңдау.<br>қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="4">Қазан</td></tr>
<tr><td colspan="2">Міндеті</td><td colspan="2">Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру.Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Отбасым –бақытым»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Музыкалық шығарманың қарапайым формасын (қайырмасын, кіріспесін) ажырата алады.<br>Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Отбасы туралы әңгімелей алады. Отбасы мүшелері кімдер екенін ажыратады.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Аналарың ұйықтар алдында қандай ән айтады?<br>Сендер аналарыңа қандай ән айтасыңдар?<br>Саған қандай аспапта ойнаған ұнайды?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен сабақта қандай ән айттыңдар?<br>Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма?<br>Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру.<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Балалар көңілді музыка әуенімен келеді. Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды.<br>– Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>– Отбасыларыңда кімдер бар?<br>– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды.<br>Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ.<br>Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...... минут | **Музыка тыңдау:**«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау. Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз. Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.<br>**Дауыс жаттығулары:** «аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау.<br>Дауысты ашық «а» дыбысын дөңгелете айтуға жаттықтыру.<br>**Ән айту:** «Әже тілегі» (муз. мен сөзі Т. Қоңыратбай).<br>Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.<br>Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.<br>**Ой қозғау.**<br>Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретті мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата. | «Бесік жыры» әні Аспаптың сүйемелдеуімен<br><br><br>«Әже тілегі» әні |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............... минут | қорытындылау, бағалау. Смайктер беру | Смайлктер |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | | **«Мен бақытты баламын»** | |
| **Күні:** | | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты)<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарай ажырата алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | Әуеннің сипатын, көңіл күйін, өз ойларын жеткізе әңгімелей біледі.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкадан қандай әсер алдың?<br>Тыңдаған әнді қалай бейнелер едің?<br>Әннің мәтіні не туралы? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтарда алған білімдерін көрсете алады, музыкалық шығарманың түрлерін ажырата біледі.<br>Өз ойларын еркін жеткізе әңгімелейді. | | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** «Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу).<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптар тыңдалады. – Бақыт деген не? – Бақытты болу үшін не істеу керек? – Достарыңа бақытты болу үшін қандай тілек айтасың? | | **Музыкалық сүйемелдеу**<br><br>**Доп** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.............минут | **Музыка тыңдау:** «Ақ көгершін» (муз. Қ. Қалқатаев, сөзі Е. Баят).<br>«Еркін самғап ұшсын» деп,<br>Мәпелейміз, баптаймыз.<br>«Бейбітшілік құсы» деп,<br>Қайсы құсты біз мақтаймыз? – Ән сендерге ұнады ма? Неліктен? Ән қанша бөліктен тұрады? Мазмұнын әңгімелеп беруді ұсыну.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тақ-тұқ», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова). Балалардан ән | | |

| | | |
|---|---|---|
| | мазмұны мен көрнекі суреттердің өзара байланысын сұрау. Әнді бубен, асатаяқ, тұяқтас аспаптарының сүйемелдеуімен орындау. «Бейбітшілік құсы көгершін» деп таныстыру.<br>Көгершін – голубь деп екі тілде қайталап үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қазіргі би ырғағы» (муз. Е. Лапин). Музыкалық шығарманың сипатын мағыналы түрде көрсетуге дағдыландыру. Заманауи би элементтерін Полька (Б. Сметан), ұлттық би («Айгөлек») түрлерімен салыстыру, айырмашылықтарын түсіндіру.<br>**Ой қозғау.**<br>Әннен қандай әсер алдың? Осы әннің көңіл күйіне сәйкес қай түсті шарды қалар едің?<br>Қажетті аспаптарды әншінің суретіне сызық арқылы қос.<br>Қандай би түрлерін білесің? Қандай ырғақта билегенді ұнатасың?<br>Бүгінгі үйренген әнге қалай билер едің? Өз таңдауыңды көрсет. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.....минут | ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘТақырыбы:** | | **Күз байлығы** | |
| **Күні:** | | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Күз туралы түсіне отырып, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйренеді.<br>Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата біледі | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінеді.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | Күз мезгілінің ерекшеліктерін өз ойымен жеткізу | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды.<br>Әннің көңіл күйін ажыратады. | | |

| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады,амандасады:<br>- Сәлеметсіңдер ме,балалар!(до, ре, ми, фа, соль, соль,ля, ля, соль) | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Ән тыңдау: «Тамшылар»** (М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп,жеңіл би ырғақтарынажаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өзорындарына тұруды қалыптастырады.<br>**Қимылды ойын: «Өзорныңды тап!»**<br>Шарты: ойлау қабілеттеріне дағдыландырады,<br>Музыка әуені басталғандабалалар еркін ырғақтарменжүгіре билейді. Музыкатоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісібелгі бергенде балаларалғашқы орындарынатұра қалуға үйренеді.<br>**«Өз жұбыңды тап!»** Төрт, болмаса үш қатарғажұппен тұрғызылады, әрі қарай ойын дэл солай жалғастырылады.<br>**Музыка тыңдау:**<br>**«Күз»** жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.<br>**Ән үйрену**: «Бұл қайкезде болады? Күз»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов<br>**Би:** «Кел, билейік» (Б.Байқадамов,М.Әлімбаев). | |

| | | |
|---|---|---|
| | Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді  (би үлгіде көрсетілген).<br>Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.<br>Өте баяу музыка – сарытүс.Баяудан бірте-бірте<br>көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл<br>Жоғары дыбыс - қызыл.<br>Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен,орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды<br>(жаттығу үлгідекөрсетілген).<br>Балаларға күз мезгілініңтүстерін, құбылысынтүсіндіреді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытын-дысы. Рефлексия**<br>.........минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Пайдалы жемістер»** | |
| **Күні:** | **1сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Жеміс –жидектің пайдасы жайлы түсіндіру. Дәрумендердің адам өміріне әсері туралы,<br>ойындар арқылы жемістерді дұрыс атауды үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап,<br>есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Көкөністерді жемістерден ажырата алады. Әннің мазмұнын түсініп, оны өз сөздерімен түсіндіре алады.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы? Музыка жанрларын (ән, би, күй, полька, вальс) ажырата аласың ба? Қандай биді ұнатасың? Музыка ырғағына ілесіп ойдан би қимылдарын жасай аласың ба? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | **Балалармен амандасу.**<br>**Проблемалық сұрақ:** Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.<br>– Балалар, сендер түрлі жанрда, түрлі ырғақта, түрлі көңіл күйде музыка тыңдадыңдар. Бүгін жанрларға тоқталамыз. «Күй» не екенін білесіңдер, күй – аспаптық музыка, зейін салып тыңдасақ, не туралы екенін түсінуге болады. Көбіне домбырамен орындалады. Би музыкаларына «полька», «вальсті» жатқызуға болады. «Полька» – жеңіл, ойнақы болса, «вальс» – қалықтап, айналып биленеді. Музыка тыңдап, жанрларды ажыратайық. | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Музыка тыңдау:** «Алатау» күйі (Құрманғазы), «Полька», «Вальс», «Би әуені» (муз. Г. Левкодимова). Балалардан қандай жанрларда музыка тыңдағанымызды сұрау. Полька мен вальстің айырмашылықтары неде екенін сұрау, түсіндіру. Күй туралы мағлұмат беру.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты каттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.<br>**Ән айту:** «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).<br>Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не | «Алатау» күйі<br>«Полька», «Вальс», «Би әуені»<br><br>«Жемістердің пайдасы» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | туралы айтылып отырғанынсұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.<br>**Аспаппен танысу:** «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай дыбысталатынын айтып беру.<br>**Ой қозғау.**<br>Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Жұмбақтарды шешіп, пайдалы жемістер мен көгөністің аталуын тап.<br>Дид ойын : «Жемістер мен көкөністер»<br>Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау. | Асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......... минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="4" align="center">Қараша</td></tr>
<tr><td colspan="2">Міндеті</td><td colspan="2">Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру,музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды ,әнді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тақырыбы:</td><td colspan="2">«Алтын күз»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Ән мәтіні арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Әнді сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру.<br>Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Ән сөзін сезіне айтуға, музыканың динамикалық түрлерін ажыратуды үйренеді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыка жетекшісібалаларды қарсы алады,амандасады:<br>- Сәлеметсіңдер ме,балалар!(до, ре, ми, фа, соль, соль,ля, ля, соль)<br>Ән тыңдау: «Тамшылар»(М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп,жеңіл би ырғақтарынажаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өзорындарына тұруды қалыптастырады.</td><td>бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>.......... минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау:<br>«Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.<br>Ән үйрену: «Бұл қайкезде болады? Күз»(Б.Ерзакович, Ш.Ахметов<br>Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов,М.Әлімбаев).<br>Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді (би үлгіде көрсетілген).<br>Балаларға интерактивті тақта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді:</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | вальс,полька, марш, қазақ биін.<br>Опера және балет театрының бейне таспасынан үзінділерді тыңдайды, көреді.<br>Жанр түрлерін қайталап айтқызады, үйретеді.<br>Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді.<br>Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкі және баяу қимылдарды сипаттайды.<br>Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.<br>Өте баяу музыка – сарытүс.Баяудан бірте-бірте көтеріледі - ақшыл жасыл. Көтеріңкі - жасыл<br>Жоғары дыбыс - қызыл. Оң қолымен музыкадыбыстарын төмен,орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды (жаттығу үлгіде көрсетілген).<br>Балаларға күз мезгілінің түстерін, құбылысын түсіндіреді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............ минут | Балаларды мадақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Шыныққан шымыр баламыз»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td>Қатысқан балалар саны:</td><td colspan="2">Қатыспаған балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар орындау</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Әуенге сай қимыл жасай алады. Балалар әнді тыңдап,қимыл қозғалысты қайталай алады</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Берілген тақырып бойынша өз ойларын айта алады.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Дені сау, шыныққан болу үшін қандай шаралар жасау керек?<br>Таңертеңгі жаттығудың қандай пайдасы бар?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен сабақта қандай тақырыпта әңгіме өткіздік, есімізге түсірейік, қандай музыка тыңдадық, қандай ән айттық?</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Педагог балалармен әндетіп амандасады. Өткен сабақты естеріне түсіреді. Балалармен қандай ән айтқанымыз, қандай қимыл-қозғалыс жасағанымыз туралы қайталаймыз.<br>Проблемалық сұрақ: Дене шынықтырумен айналысу балаларға не береді? Мынандай тұжырым жасалады: дене шынықтыру балаларды мықты, дені сау, төзімді, күшті етеді. Біз денсаулықты шыңдау шынығуға байланысты екенін жақсы білеміз. Жорықтарға шығу, жол жүру – бәрі денсаулыққа пайдалы. Дені сау азамат қана елін, жерін қорғай алады. Жорыққа шығып, жол жүргеннің қандай қызық екенін әуенді тыңдай отырып талдайық.</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>...........минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Жол жыры» (муз К. Қуатбаев, сөзі Ә. Дүйсенбиев). Әнді тыңдап, не туралы айтылғанын әңгімелеу. Музыканың көңіл күйін ажырату, қандай екпінде орындалғанына көңіл аудару.<br>Дауыс жаттығулары: «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). Әннің сөзін айтпай-ақ «ля» деп айтуларына болады. Терең дем алып, демді үнемдеп шығарып айтуға үйрету.<br>Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз» (муз. К. Қуатбаев, сөзі М. Әлімбаев). Педагог әнді орындап, балалармен сұхбат жүргізеді. Ел қорғау үшін алдымен шыныққан шымыр болуы тиіс. Балалардың сұрақ-жауап арқылы ойларын ортаға салуға, іркілмей жауап берулеріне мүмкіндік жасау.<br>Әнді орындау кезінде тыныс алу жағына көңіл бөлу.<br>Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Таңертеңгі жаттығу» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов), «Қара</td><td>«Жол жыры» әні<br><br>«Қоңырау» әні<br><br>«Ел қорғауға әзірміз» әні<br><br>«Таңертеңгі жаттығу» әні<br>«Қара жорға» халық әуені</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | жорға» халық әуені. Шынығуды таңертеңгі жаттығудан бастау керек.<br>Сонда күні бойы сергек жүресіңдер. «Қара жорға» әуеніне қимылдар жасап көрсету.<br>**Ой қозғау.**<br>Ән саған ұнады ма? Шыныққан бала болу үшін не істеу керек? Қажетті суретті тауып, дөңгелекті боя. Суретке қарап, достарыңа өзіңнің күн тәртібің туралы айтып бер. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>..... минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘТақырыбы:** | **«Бағдаршам бағыт береді»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Жолда жүру ережелерін еске түсіреді. Бағдаршамның жұмысы туралы әңгімелейді.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бағдаршам түстерінің қызметі туралы не білесің?<br>Жол ережесін жатқа білесің бе?<br>Неліктен көліктер жүретін жолда велосипедпен жүруге тыйым салынған? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта үйренген әннің 1-шумағын қайталап, бірге және жеке әндете орындайды. Әннің көңіл күйін ажыратады. Әуенге ілесе оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасап, би қимылдарын көрсетеді. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.** Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.<br>Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа ұрмалы аспаптармен әуеннің ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. | Музыкалық сүйемелдеу<br>Жол ережелері белгісі бар суреттер Ұрмалы аспаптар |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.**<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл. Бұл не?<br>Бағдаршам туралы толық мәлімет беру, түсіндіру.<br>**Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» (муз. Н. Дүкенбаев, сөзі С. Дүкенбаев).<br>– Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің?<br>– Шығарманың қарқыны қандай?<br>– Әннің мазмұнында не туралы айтылады?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу.<br>Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын | «Бағдаршам» әні<br><br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуы |

| | | |
|---|---|---|
| | орындау.<br>**Ән айту:** «Бағдаршам» (муз. Қ. Қайым, сөзі Ә. Табылды).<br>– Әннің мазмұны туралы не айта аласың?<br>– Қарқыны тез бе әлде жай орындала ма?<br>Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру. «Бағдаршам» сөзінің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету:<br>бағдаршам – светофор<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Айжан қыз» (Құрманғазы). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Ұлттық би элементтерін, би ырғағын есте сақтауға үйрету, қарқынын сезіне мәнерлеп билеу. Вальс, марш жанрларымен салыстырып, ерекшеліктерін ажыратуға, әуен ырғағына сәйкес қозғалуға баулу.<br>**Ой қозғау.**<br>Бағдаршам не үшін қажет? Мына суретте жолда жүру ережесін бұзғандар бар ма? Қайсысы дұрыс? Таңдаған суретіңді дөңгелекті бояп көрсет.<br>Суреттегі көліктердің қайсысы бағдаршамның қызметін қажет етпейді? Неліктен? Қайсысы қалай қозғалатынын әңгімелеп бер. | «Бағдаршам» әні<br><br>«Айжан қыз» күйі<br>Аудиожазбалар, бейнематериалдар |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытын-дысы. Рефлексия**<br>.........минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Спорт – біздің досымыз»** | | |
| **Күні:** | 1сағат | | |
| **ТОП:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Салауатты өмір салты туралы айта отырып, спорттың денаулыққа пайдасын түсіндіру | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Сұрақ-жауап кезінде тілді нақты пайдалануға дағдыланады. Әннің мазмұнын түсіне отырып ойларын жеткізуге тырысады Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыканы тыңдай отырып не елестеттіңдер? Спорт туралы не білесіңдер?<br>Әнде не туралы айтылған, спорттың ондай түрін білесіңдер ме?<br>Музыка әуеніне ілесіп ленталармен жаттығу жасаған сендерге ұнады ма? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз.<br>Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді пысықтаймыз. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру.<br>**Проблемалық сұрақ:** Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Бүгінгі сабағымыз осы спорт туралы. Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз. | | Спорттың түрлері туралы суреттер, слайдтар |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>......минут | **Музыка тыңдау:** «Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау.<br>Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тойбастар» (муз. Д. Нұрпейісова). Күйдің негізгі әуенін «ләй» буынында орындау. Терең дем алып, дауысты еркін шығаруға үйрету. Сегіздік, оналтылық ноталарды орындау ерекшеліктеріне көңіл аудару.<br>**Ән айту:** «Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Лентамен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында ленталармен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау.Ұлттық ойын «Аққу-қаздар» | | «Спорт маршы» музыкасы<br><br>«Тойбастар» музыкасы<br><br>«Аяқдопшы» әні<br><br>«Лентамен жаттығулар» (вальс) |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ой қозғау.**<br>Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен? Суреттегі аяқ допшыларға өздеріне лайықты доптарын сызық арқылы қос. Мәнерлі би қозғалыстарын доппен, таяқшамен, таспалармен жасайды. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>..... минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="4" align="center">Желтоқсан</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="3">Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Шақырамыз жарысқа»</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Сұрақ-жауап кезінде түсінікті сөйлеуге дағдыланады.<br>Өздерінің сүйікті әндері, шығармалары туралы ойларын әңгімелейді.<br>Балалар әнді тыңдап,қимыл қозғалысты қайталайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Пікір алмасу сұрақтары:<br>«Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Сен жарысқа түсіп көрдің бе?<br>Әннің қарқыны, динамикасы, екпіні туралы не айта аласың? Ойдан шығарып орындау дегенді қалай түсінесің?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды, шығармашылықтарын көрсетеді.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td align="center">Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2" align="center">Жоспарланған іс-әрекет</td><td align="center">Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру</td><td colspan="2">Балалармен амандасу. Педагог таныс әндерді ойнайды, балалар әуенге ілесе әндерді естеріне түсіріп орындайды. Педагог балалардың спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы не білетіндері жайлы әңгіме қозғайды. шындаласындар. Бүгін сол жарыс туралы ән айтып, музыка тыңдаймыз.</td><td align="center">Интерактивті тақта Спорт жарыстары, Олимпиадалық ойындар туралы слайдтар</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>....... минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер). Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау. – Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер? – Бұл музыкаға қандай қимыл лайық?<br>( Дауыс жаттығулары: «Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова). Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау.<br>(Ән айту:«Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов).<br>Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу.</td><td align="center">«Жарысамыз» (регтайм), «Шақырамыз жарысқа»<br><br>«Шертер» әні</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов). Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.<br>**Ой қозғау.**<br>**Айсұлудың сұрағы мен тапсырмасы:** «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің? Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсыңдар?<br>**«Кім жылдам?»** ойынында кім жеңіске жетеді? Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос. | «Шақырамыз жарысқа» әні<br>«Түлкі мен қаздар» музыкасы |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.......... минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы:** | **«Мен Отанымды сүйемін»** | |
| **Күні:** | **1сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Отан туралы, өз Отанынын сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыка тыңдау және орындау бар Отан туралы өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Туған жері, қаласы, ауылы туралы әңгімелейді. Отан, Қазақстан туралы тақпақ-өлеңдер айтады | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады. Үйренген әндерді еркін орындайды. | |

**ҰІӘ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме өткізеді:<br>– Сен қай мемлекетте тұрасың?<br>– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?<br>– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің | Доп |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......... минут | **Музыка тыңдау:**«Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?<br>**Дауыс жаттығулары:**«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.<br>**Ән айту:**«Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).<br>Отан – туған еліміз,<br>Отан – туған жеріміз.<br>Отан – ортақ үйіміз,<br>Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету.Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту.Көңілді – веселый | Аудиожазбалар «Керуен» музыкасы Керуен бейнеленген сурет<br><br>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары<br><br>«Отаным» әні<br><br>«Менің Отаным – |

| | | |
|---|---|---|
| | **Аспаппен танысу:** Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.<br>**Ой қозғау.**<br>Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер. | Қазақстан» атты слайд немесе түрлі түсті суреттер<br><br>«Сәулем-ай» әні Асатаяқ, тұяқтас, бубен аспаптары |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>............ минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау. ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. – Егер ұіә қызықты өтті деп ойласаң қолды жоғары көтеріп шапалақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ Тақырыбы:</td><td colspan="2">«Туған жерім – тұғырым»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата алады.<br>Отаны, тұратын жері туралы әңгімелейді. Туған жері, елі туралы тақпақ-өлеңдер айтады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Пікір алмасу сұрақтары:<br>Өз туған жеріңе деген қандай тілектерің бар?<br>Естіген әуенді қалай сипаттар едің? Туған жеріңнің табиғатын суреттеп бер.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Төмен-жоғары, қысқа-ұзын дыбыстарды ажыратады.<br>Үйренген әндерді еркін орындайды, алған әсерлерін, толғаныстарын еркін сипаттайды, әңгімелейді.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыкалық сәлемдесу. «Сәлем! (әндете амандасу).<br>Мимикалық жаттығу: «Көңілді және мұңды». Көңілді немесе мұңды әуен ойналғанда сәйкес карточканы көрсетіп, мимикамен көңіл күйін көрсетеді.<br>Туған жерге құрақ болам,<br>Шуақ болып жылынар.<br>Туған жерге бұлақ болам,<br>Шөл қандырар суы бар.<br>Өлең жолдарын қайталатып, еске сақтауға талпындыру.</td><td>Музыкалық сүйемелдеу<br>Үлестірмелі карточкалар<br>«Туған жер» тақырыбына салынған түрлі суреттер немесе интерактивті тақта, слайдтар</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>....минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: «Туған жер» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі С. Жиенбаев). – Бұл ән саған қандай көңіл күй сыйлады? Әннің қарқынын ажыратып, мәтінін суреттеп беруді ұсыну. «Туған жер» әнінің мазмұнын көрсететін суретті таңда.<br>Дауыс жаттығулары: «Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.<br>Ән айту: «Егемен ел – Қазақстан» (муз. мен сөзі Н. Алғашбаев).<br>Көк байрақтың бетінде,<br>Қыран бүркіт қанатты.<br>Сол қырандай еркіндеп,</td><td>«Туған жер» әні<br><br>«Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары<br>«Егемен ел Қазақстан» әні<br><br>«Менің Қазақстаным» атты слайдсуреттер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Бала өседі талапты. (М. Әлімбаев)<br>Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Әнді орындап, алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау.<br>– Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен?<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Үш көңіл күй» «Марш» (муз. В. Соловьев-Седой), «Полька» (муз. И. Штраус), «Вальс» (муз. Э. Григ); «Бесік жыры» (Б. Дәлденбай). Музыка жанрларын ажыратуға ықпал ету, сәйкес карточкаларды көрсету.<br>**Ой қозғау.**<br>Егемен еліміздің қандай рәміздерін білесің? Оларға сипаттама бер. Әнді орындағанда көз алдыңа не елестете аласың?<br>Өз елің туралы әңгімелеп бер.<br>Суреттегі биші қыздардың киім үлгісіне сәйкес ұлттық баскиімдерін таңдап, кигіз. | «Үш көңіл күй» («Марш», «Полька», «Вальс»), «Бесік жыры» әндері Үлестірмелі карточкалар |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Кыс қызығы»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Өн мәтіні арқылы қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу.<br>Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыканы тыңдап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру)меңгереді: | |
| **Тілдік мақсат:** | Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. Ойын ойнайды. «Қыс» әнін еркін орындайды.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка тыңдай отырып оны қалай сипаттар едің?<br>Ән мазмұны не туралы? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта айтқан әндері мен тыңдаған музыкалары жайында әңгімелейді.<br>Қандай қимыл-қозғалыс жасағандарын естеріне алады. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыкалық сәлемдесу.**<br>Күлдіргіш кейпінде педагог жүгіріп келеді.<br>Жеделхат алып келіп, оқиды: «аққала көмекке шақырады».<br>«үш аю өз өнерін көруге шақырады»<br>«қояндар жарысқа шақырады».<br>Балаларды алаңға «кысқызығы» ойын-сауығына шақыру.<br>Жетекші: кыс қызығы басталды, ойнап апасыр салайық, сазды әуенмен мәнерлеп, ырғақты әнге салайық. | Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **«Шанғы тебеміз»** Е.Тиличеева. Жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.<br>**Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді». Қағаздан аққала құрастыру.**<br>**«Қыс»** әнін Аққалаға айтып беру керегін айтады.<br>Ән жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдың өнерін көруге барайық.<br>**Ойын: «ырғақты жұмбақ».**<br>Аспаптар ырғағы арқылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі?<br>-ауыр , жай ырғақ. | |

| | | |
|---|---|---|
| | -орташа, көңілді ырғақ.<br>-жеңіл, көңілді ырғақ.<br>Балалардан қонжықтың және әке аюмен ана аюлардың жүріс ырғақтарын айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды.<br>Енді ән жаттығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады.  Қояндар қарсы алады.<br>Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады.<br>**Ойын: «көңілді ырғақ».**<br>Қоян дирижер рөлінде.<br>Ырғақпен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте бірте жылдам және тезырғақ.<br>**«Ақшақар»** әнін қайталау. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......... минут | – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі ұіә қалай өтті?<br>Бүгінгі ұіә  туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| Қаңтар | | |
|---|---|---|
| **Міндеті:** | **Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, темрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту.**<br>**Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.**<br>**Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Мәңгі жасыл шыршалар»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілінің ерекшелігі, шыршаның қысы, жазы жасыл түсте болуы туралы түсіндіру.<br>Әнді қуанышты, көңілді орындауға назар аудару. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Жалпы музыкалық шығармалардың көңіл күйін, мазмұнын әңгімелей алады. Өз ойларын жеткізе алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Орманшы туралы не айта аласың? Әннің қай бөліктері жақсы шықты?<br>Музыка тыңдай отырып осы музыкаға қандай қимыл жасар едің? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Қандай музыкалық аспаптарда, қандай әуен ойнағанын, қандай қимылдар жасағанын еске түсіреді. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен әндетіп амандасу.<br>**Ой қозғау.**<br>Өткен сабақтағы айтқан әндерді еске түсіріп, әуенімен қайталау.<br>Музыка тыңдағанда не естерінде қалғанын әңгімелеп жеткізу.<br>Басқа қандай бөлімдерде жұмыс жасағанымызды еске түсіріп қайталау.<br>Бізде қыс мезгілінде болатын қандай мерекені білесіңдер?<br>Ол мерекеде кімдер келеді, не әкеледі? Шыршалар қандай түсте болады және түсі өзгере ме?<br>Шырша қайда өседі? Бүгін біз мәңгі жасыл шыршалар туралы, шырша өсетін орман туралы, орманды қарайтын орманшы туралы сабағымызды жалғастырамыз | Орманның, ормандағы мәңгі жасыл шыршалардың суреттері |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Музыка тыңдау:** «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов). Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек.<br>Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).<br>**Дауыс жаттығулары:** «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету.<br>Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру. | «Орманшы» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән айту:** «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.<br>Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).<br>Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.<br>Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау.<br>**Ой қозғау.**<br>Шыршамен байланысты мереке қалай аталады? Шырша туралы тақпақ білесің бе?<br>Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім? | «Аққу» күйі<br><br>«Жасыл шырша» әні<br><br>«Конькишілер вальсі» музыкасы |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия** .........минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Айнала ақша қар»** | | |
| **Күні:** | **1 сағат** | | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Қыс мезгілі туралы түсіндіріп, музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратуды үйрету. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Ән мәтініне байланысты сұрақтар Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады. Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің?<br>Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** | |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді. | Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау.<br>Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.<br>**Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов).** Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.<br>**Аспаппен танысу:** «Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау.Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау.<br>Ұлттық ойын «Ормандағы аю».<br>**Ой қозғау.** | «Сырғанақ» әні<br><br>«Зырлайды шанамыз» әні<br><br>«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» | |

| | | |
|---|---|---|
| | Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды  ата және ойын түрлерін ата<br>**Дид ойын: «Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?»**<br>Екінші аққалаға не жетіспейді? | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Орманға саяхат»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.<br>Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Марш ырғағын тыңдайды.<br>Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр.<br>«вальс» ырғағы баяу,созыңқы,сабырлы.<br>Қояндар көңілді, шапшаң, жеңіл биледі.<br>Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындауды үйренеді<br>Әнді көңілдене айтуға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Орманда нелер өмір сүреді?<br>Қандай жануарларды білеміз?<br>Сендерге қай жануар ұнайды? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балаларөткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басталады.<br>«Біз үшін» Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.<br>**Ал балалар,балалар,**<br>**саяхатқа шығайық.**<br>**Ормандағы аңдарға**<br>**көлікке мініп барайық!**<br>«Саяхат» шығармасын тыңдай жүріп,балалар көлікке мініп,орманға барады. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Балаларды отырғызып, «Вальс» шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады.<br>Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады.<br>**Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады.**<br>**Аюлардың вальс билеген суреті.** Тапсырманы алып, топқа келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.<br>Көлікке бірге мінейік, әрі қарай кетейік,<br>жылдамдатып жетейік. | Ағаштар,билеп тұрған аюлар,вальс,марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді |

| | | |
|---|---|---|
| | **Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.**<br>Жетекші: балалар, қояндар қалай билейді?<br>**«Көңілді би» шығармасын тыңдауды ұсынады.**<br>Көлікке енді мінеміз, әрі қарай кетеміз,-деп тағы сапарларын жалғастырады.<br>**Үшінші ағаштағы тапсырма- қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті.**<br>**«Мерекелік марш» шығармасын тыңдаймыз.**<br>-Балалар,қасқырлар қалай жүріп жатыр?<br>көлікпен үйлеріне қайтып келеді.<br>-осымен саяхатымыз аяқталды.<br>Ал енді,балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші.<br>**Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу,** созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.<br>**Екінші аялдамада қояндар шапшаң**, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді.<br>**Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен,** жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.<br>Әндетейік, жырлайық,<br>әсем әнге салайық.<br>Жаттықтырып даусымызды,<br>әйбат бала болайық.<br>**Дауыс жаттығуы:** Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне,<br>регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсету<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келеміз»**<br>Би билейік ырғалып,<br>секірейік жұптасып.<br>Кезек-кезек, оңға-солға<br>аяқтарды созайық.<br>**Би: «Қосарланып билеу»**<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл не?».**<br>Аңда рбейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу.<br>Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды. Өз анасын тауып береді. | секірген<br>қояндар.<br>Тапсырмасы бар<br>текшелер. |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер?<br>-аюлар қалай биледі?<br>-қасқырлар қалай биледі?<br>-қояндар қалай биледі?<br>Балалардың бүгінгі ұіә белсене қатысқандарын айтып мадақтайды. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Аңдар айтысы** | | |
| **Күні:** | | | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білу. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Таныс әуендерге би элементтерін қосып, өз ойларынан суырыпсалма билерін көрсете біледі.<br>Үйренген әндердің көңіл күйін, сипатын суретпен байланыстыра әңгімелей алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды біледі | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен ұіә қандай ән айттыңдар?<br>Музыка тыңдаған сендерге ұнай ма?<br>Әнде кім, не туралы айтылғанын еске түсіру. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** | |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру.**<br>3-5 минут | Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген<br>Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Дид ойын: «Кім тапқыр?»<br>Жұмбақ жасыру.: Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі,<br>Айласы көп, Бұл не? Түлкі | Тақырып бойынша көрнекіліктер | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>...... минут | ***Ән айту:* «Аңдардың айтысы»** (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).<br>Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру.<br>Тез, шапшан қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу.<br>Аңдар хорын барлығы түгел айтады.<br>**Қим ойын: «Аю мен қояндар».**<br>Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі. | | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия** | -Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?<br>-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?<br>-Орманда өткен сабақ ұнады ма? | | |

| | | |
|---|---|---|
| .............. минут | Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="4">Ақпан</td></tr>
<tr><td colspan="2">Міндеті</td><td colspan="2">Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Топ:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Музыканы тындауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады.<br>Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>Сөздік жұмыс: Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің?<br>Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен ұіә айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «қуыршақ театрын» көруге шақырады.<br>Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсыалады, амандасады.<br>Ертегіші: балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді.<br>Оларбір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты.<br>Тыңдап көріндерші. (қуыршақтардың дауысын<br>Ертегіші өзі салып ойнайды.) марғау (даусы алыстан естіледі).<br>Мияу-мияу, мен айтамын.<br>Ақтөс: әуп-ауп, мен айтамын.</td><td>Тақырып бойынша көрнекіліктер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Ертегіші.  Дауыстарын естіп тұрсыңдарма, балалар?<br>Мысық Марғау қалай дыбыстайды?<br>Ал Ақтөс ше?<br>Марғау: мияу-мияу,мен айтамын.<br>Ақтөс: мен айтамын, әуп-әуп.<br>Ертеғіші: ақтөс, марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?<br>Ақтөс: «жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұңайған кейіп танытады).<br>Ертегіші: сендер таласпаңдар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.<br>-балалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе? | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Музыка тыңдау:**  «Сәлемет пе, Аязата» ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.<br>Марғау жылайды.<br>Ақтөс: сен неге жылап отырсың?<br>Марғау:Қазыр сен кетіп қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.<br>Ақтөс: онда біз түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.<br>Ертегіші: балалар, түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесесіндер ме?<br>Түлкі:(келеді) Мен Түлкімін, Түлкімін, қайда кетті мысығым?<br>Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?<br>Түлкішек: мен Марғауды Жаңа жылымен құттықтайын деп едім.<br>Ертегіші: түлкішек, сен бізге өнеріңді көрсетсен<br>біз саған Марғауды тауып береміз.<br>Түлкішек: сендер маған қандай ән сыйлайсыңдар?<br>Ертегіші:Біз саған «**Жасыл шырша жанында»** әнін тарту етеміз.<br>Түлкішек: Рахмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген тапсырмам бар.<br>Түлкішек: мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен,текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар.<br>Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларғаүлестіреді.<br>-сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласыңдар ма?<br>Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеумен қайталауды ұсынады.<br>**Дид ойын: «сөйлейтін бубен».**<br>«шапалақ» «секіру» «жұптасу» қимылдарын көрсетуді ұсынады.<br>Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.<br>Ертегіші: түлкі,саған көп көп рахмет.сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық.<br>Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін<br>екеуің тату болуларың керек,-деп Марғауды шақырып екеуін татуластырады, қоштасады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.** | Бүгінгі  ұіә  туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ  балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Су – өмірдің өзегі»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="3">Тірі табиғат туралы түсіндіру, судың адм өміріне пайдасы, күнделікті өмірде сусыз өмір сүре алмайтынымызды түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Су туралы, оның пайдасы туралы әңгімелей алады. Әнді тыңдай отырып түсінгендерін өз сөздерімен айта алады</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Пікір алмасу сұрақтары:<br>Судың қандай пайдасын білесің? Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды? Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыкалық сәлемдесу. Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне алақан жылуларын беріп, кезектесіп тілек айтады.<br>– Балалар, біз күнделікті өмірде судың қандай пайдасы бар екенін жақсы білеміз. Сусыз өмір сүру мүмкін емес, судан тамақ жасаймыз, жуынамыз, кір жуамыз, ішеміз т.б. пайдаланамыз. Бүгінгі сабағымыз осы су туралы болмақ.</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>....... минут</td><td colspan="2">(Музыка тыңдау: «Аққу көлі» (муз. П.И. Чайковский). Балаларға музыка тыңдатып, сипатын ажырату. Музыка тыңдаған кезде не елестеткендерін, қандай көңіл күйде отырғандарын сұрау. Композитордың басқа да шығармаларын атап көрсету.<br>Дауыс жаттығулары: «Саржайлау» (Тәттімбет). «Саржайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» буынымен орындау. Асықпай дем алып, ауызды дөңгеленте кеңірек ашып, тілдің ұшын таңдайға тіреп айтуды түсіндіру керек. Денені еркін ұстауға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.<br>Ән айту: «Су – өмірдің өзегі» (муз. Ә. Қонысбеков, сөзі Ұ. Қонысбекова).<br>Әнді педагог орындап болған соң, әннің мазмұнын сұрау, су туралы балалармен әңгіме өткізу.<br>Әннің көңіл күйін ажырату, қарқынына, ырғағына сәйкес әнді таза орындауларын қадағалау.<br>Музыкалық-ырғақты қозғалыс: «Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).<br>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.<br><br>Ой қозғау. Судың пайдасы туралы не білесің?</td><td>«Аққу көлі» (үзінді)<br><br>«Саржайлау» күйі<br><br>«Су – өмірдің өзегі» әні<br><br>«Көбелек биі»</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Күнделікті өмірде қалай қолданасың? Суды неліктен үнемдеп жұмсау керек?<br>**Дид ойын: «Суреттегі тышқан мен аюдың жоғары басқышқа қайсысы лайықты?»**<br>Ал төменгі басқышта ше? Сызықпен қосып көрсет. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Бағдаршам»** | | |
| **Күні:** | **1 сағат** | | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.<br>Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | «Амандасу жаттығуын» айтады.<br>Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын үйренеді | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Бағдаршам не үшін керек?<br>Көліктер дегеніміз не?<br>Қандай көлік түрлерін білесіңдер? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай ән айтқанымызды, қандай музыка тыңдағанымызды еске түсірейік.<br>Не туралы әңгіме айтқанымызды ұмытпаған боларсыңдар. Ойланып, еске түсіру. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.**<br>Б. Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады.<br>Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді. | | бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..... минут | **Қызығушылықты ояту**<br>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп,<br>**Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.**<br>Қасқыр:<br>Еркін өсіп далада,<br>Келдім бүгін қалаға.<br>Қиналдым көше тәртібін<br>Кіргізе алмай санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды. | | үнтаспа, дискілер, қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан кейіпкерлерінің костюм атрибуттары. |

| | | |
|---|---|---|
| | Желаяқ:<br>Бағдаршамға қараймын,<br>Қараймын мен таңдана.<br>Өшіп-жанған көзінің<br>Алмай сырын аңғара. –<br>Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін.<br>(Зуылдап жүгіріп өтеді). Тұлпар:<br>Ережесін көшенің<br>Шемішкедей шағамын.<br>Болмай ма екен тұлпардай,<br>Баяу өте алатын. (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян:<br>Ой-ой, мына қасқырды<br>Көріп тұрмын тұңғыш рет.<br>Қайдан келген бұл өзі?<br>Қалалықтан емес бұл. (Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).<br>Қоян:<br>Әй, әй, Қасеке,<br>Не көрінді өзіңе,<br>Қарасаңшы көзіңе!<br>Бағдаршамға қиылып,<br>Қараймын мен жымиып,<br>Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп.<br>(Қызыл да жанып үлгереді, артынанҚасқыр жүгіреді).<br>Арыстан:<br>Әй, Қоян, бері кел, бері, Әрі-бері жүгіре берме! Ауылдан келген қасқырға Үйрет мына ережені!<br>Қоян:Арыстан аға, құп болады!<br>Тек қасқырға айтыңызшы, Мені қуа бермесін, Айтқанымды тыңдасын.<br>Арыстан:<br>Кел бері, Қасқыр, қасыма,<br>Сенің құлағың - Қоянда,<br>Ал көзің бағдаршамда болсын!<br>Түсіндің бе?<br>Қасқыр:<br>Әй, Арыстан аға Қоянға күнім түсті ғой. Амал қанша, қайтейін?<br>Қоян: (Ескерту белгісі)<br>Үшбұрыш қызыл көрінсе -«Абайла, Қасқыр!» (Тыйым салу белгісі) Дөңгелек қызыл шеңберде -«Тоқтай | |

| | | |
|---|---|---|
| | қал, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі) Дөңгелек көк шеңбер ме -«Жолыңыз ағайын».<br>Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!<br>Қасқыр: Түсіндім, болды енді,<br>ыржалақтай бермей! Арыстан кетер,<br>күнім өзіме келер-р-р-р!<br>Арыстан: Жол тәртібін білейік,<br>Аман-есен жүрейік.<br>Қасқыр: Барар жерге асықпай,<br>Қоян: Аман-есен жетейік.<br>Ән: «Жолаушылар жыры»(Ж. Қалжанова). | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........ минут | Сұрақ –жауап.<br>- Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?<br>- Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.<br>- Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?<br>Смайлктер беру | смайлктер |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Анашым – мақтанышым»** | |
| **Күні:** | 1сағат | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Ана мейрімі туралы түсіндіру.Өлең жолдары арқылы аналарды сыйлау, құрметтеу жайлы үйрету | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Ән сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары**:<br>Ән айтқанды ұнатасың ба?<br>Ән әуеніне сай қандай қимылдар жасар едің? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақта үйренген әндерін қайталайды, сол әуенге сәйкес би қимылдарын жасайды.<br>Өз шығармашылықтарын көрсетеді. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалармен амандасу. Өткен сабақта не өткенімізді қайталап, еске түсіру. Қандай музыка тыңдағанымызды және ол не туралы екенін баяндау.<br>– Әлемдегі ең қымбат жан кім деп ойлайсыңдар?<br>Суреттен түрлі мамандықтарды көрсетіп, ана – аспаз, ана – дәрігер, ана – ұстаз, ана – күтуші екенін түсіндіру.<br>– Ананың аялы алақаны сендерді әрқашан қорғап, қолдап отырады.<br>Бүгінгі тақырыбымыз сол аяулы аналар жайында болмақ. | Аналардың суреттері, түрлі мамандықта жүрген аналардың суреттері. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>............минут | **Музыка тыңдау:** «Жан анам» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева)Тыңдаған әннің кім туралы екенін, қандай көңіл күйде жазылғанын сұрау, әңгімелеу. Өз аналары туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Музыканың сипатын сөз ету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди» халық әні. Бұл ән ұйықтар алдында айтылатындықтан әнді айғайламай, байыппен, баяу айту қажет.<br>***Ән айту:*** «Ақ мамам» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог өзі орындап, балалардан сұрақ-жауап алады. Әннің кім туралы айтылғанын, қандай көңіл күйде орындалатынын (көңілді, көңілсіз, баяу, жүрдек) әңгімелеу. Әннің мәтінін қайталап, әуенге қосылып айту. Балалар мәтінді анық айтуын, бір-бірін тыңдай отырып әндетуін қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Сылдырмақты серуен» (муз. Ж. Тезекбаев). Музыка әуеніне ілесіп сылдырмақтың көмегімен ырғақты қимылдар жасау. Балалардың ырғаққа дұрыс ілесіп орындауларын қадағалау. Әуенге ілесіп мәнерлі қимылдар келтіру.<br>**Ой қозғау.** | «Жан анам» әні<br><br>«Әлди-әлди» халық әні<br>«Ақ мамам» әні<br><br>Сылдырмақтармен музыка әуеніне ілесіп қимылдар жасау |

| | | |
|---|---|---|
| | Анаң сені қалай еркелетеді? Сен анаңа қандай тілек айтар едің? Мына суретте сүйікті анаңа қандай гүлдерсыйлайсың?<br>Аналар мерекесінде өз анаңа не сыйлар едің? Әдемі моншақ сыйлағың келе ме?. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>........минут | – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі ұіә қалай өтті? – Анасына арнап кім ән айта алады? (үйренген әндерінен). қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| Наурыз | | |
|---|---|---|
| Міндеті | **Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.**<br>**Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.**<br>**Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Көктем келді.** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; үнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>Ән не туралы екенін, ойынды шартына сай ойнауды меңгереді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Дыбыс қандай болады? (шулы және музыкалық)<br>Әуеннің ырғағы әртүрлі болады. Неліктен деп ойлайсың?<br>Әннің әуеніне қандай би қимылын ойлап табар едің? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Қарапайым әуендердің ырғағын ұрмалы аспаптармен ойнайды. Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және бірге еркін, таза орындай алады. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау.<br>Жылы жақтан қайтқан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру.<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары | Тақырып бойынша көрнекіліктер |

| | | |
|---|---|---|
| | Ұя жасап қарсы алды.<br>- Балалар, бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілін меңзеп тұр?<br>- Сендер қандай құбылыстарды байқадыңдар? | |
| **ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс** ....минут | **Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері).**<br>- Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен - сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі - осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.<br>**Ән үйрену: «Көктем» (Д. Гусинцев, Т.Исабеков).**<br>Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.<br>**Дид ойын: «Түлкі мен қаздар».**<br>**Шарты:** Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады.<br>Ойын өте көңілді ойналады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия** .......минут | Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?<br>- Көктем туралы не білдіңдер?<br>- Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қорытындылау | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ Тақырыбы:** | **«Наурыз – жыл басы»** | |
| **Күні:** | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Тыңдаған музыкалары туралы ойларын жеткізе алады.<br>Салт-дәстүрлер туралы, наурыз мерекесі жайында түсініктерін айтады.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қимылдар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Наурыз мерекесі туралы не білесің? Қандай салт-дәстүрлерді білесің? Мерекеде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер? Музыка жанрларын ажырата аласың ба? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айттық, қандай музыка тыңдадық?<br>Естеріне түсіріп, қимыл-қозғалыстар жасайды. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Көңілді музыка әуенімен балалар амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды. – Балалар, сендер наурыз мерекесі туралы не білесіңдер? – Ол мереке қай кезде болады, тойланады және «наурыз» деген сөз не мағынаны білдіреді? Наурыз – күн мен түннің теңескен күні, жердің жаңарып, табиғаттың оянған кезі. Аңдар ұйқыларынан оянып, сай-саланы су алып, жер бусанады. Халқымыз үшін ең үлкен мереке. | Наурыз мерекесі тойланып жатқан суреттер, қайнаған қазан, ұлттық ойындар ойнаған балалар, көкпар тартқан үлкендер |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>......... минут | **Музыка тыңдау:** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Домбыра – қазақтың халық аспабы. Халқымызда домбыраны киелі аспап деп атайды. Өйткені адам тілімен жеткізе алмаған оқиғаларды күй арқылы жеткізуге болады. Күй созылмалы, баппен орындалады.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қоңырау» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Асылбек). Жаттығу көңілді орындалады.Ноталардың ұзақтықтары әртүрлі болғандықтан, дұрыс орындалуына көңіл бөлу.<br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева). Наурыз мерекесі қандай мереке екенін балаларға түсіндіру. Мерекеде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер беру. Әннің көңіл күйін ажыратып, ырғақты ұстап орындауды қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Сақина салу» (ән-ойын, өңдеген Е. Брусиловский). Қазақтың ұлттық ойындарының бірі саналатын «Сақина салумен» таныстыру, ойнау. Ойыннан жеңілген | «Қосалқа» күйі<br><br>«Қоңырау» әні<br><br>«Наурыз тойы» әні<br><br>«Сақина салу» (ән-ойын) |

| | | |
|---|---|---|
| | бала өз өнерін көрсетеді, ән салады, би билейді, тақпақ айтады.<br>**Ой қозғау.**<br>Наурыз мерекесі туралы не білесің? Бұл мерекені отбасыңмен қалай атап өтесің? Неліктен наурызды «жыл басы» деп айтады? Суретке қарап, наурыз мерекесі туралы әңгімелеп бер. Мына гүлдердің ішінен көктемнің алғашқы гүлдері – бәйшешек, қызғалдақтың суретін көрсет | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Наурыз көже»** | | |
| **Күні:** | 1 сағат | | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Наурыз көже қалай жасалады, қандай мерекеде жасалатыны туралы түсінік беру.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Наурыз мерекесі туралы кеңінен әңгімелей алады. Мерекеде ойналатын ұлттық ойындарды сипаттай алады.<br>Наурызкөженің неден жасалатыны туралы жақсы біледі және айта алады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Наурыз мерекесі жылдың қай мезгілінде тойланады?<br>Наурыз мерекесінде ойналатын қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің?<br>Наурызкөжеге неше түрлі тағам салынады және қандай?<br>«Қара жорға» биіне ойдан би элементтерін қолданып билеңдер. | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен тоқсанда айтқан әндерің естеріңде ме? Әндерді есімізге түсіріп қайталайық. Өткен әндерден попурри орындау.<br>Қандай музыкалық шығармалар тыңдадық және олар не туралы еді? | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Балалармен музыкалық сәлемдесу.** Шаттық шеңберін жасау.<br>«Қайырлы таң, туған жерім!»,<br>«Қайырлы таң, алтын күн!»,<br>«Қайырлы таң, алтын ұям!»,<br>«Қайырлы таң, достарым!» Бір-біріне алақандарының жылуын жеткізу.<br>Педагог балаларғаНаурызмерекесінде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер береді. | | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:** « Тойбастар» (муз. Б.Аманжолов). Балалардан музыканың көңіл күйі туралы сұрау. Педагог музыканы тыңдата отырып көңілді музыка адам жанын жадырататынын, көңілсіз музыка жанды жабырқататынын түсіндіреді<br>**Дауыс жаттығулары:** «Әлди-әлди» (халық әні). Ән ұйықтар алдында орындалатындықтан айқайламай, бірқалыпты байыппен айту қажет.<br>**Ән айту:** «Наурызкөже» (муз. А. Райымқұлова, сөзі А. Шаяхметов). Ән көңілді, сергек орындалады. Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіру. Ән туралы балалармен әңгімелесу. Балалардың есту, есте сақтау қабілеттерін қадағалау.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Қара жорға» (халық әуені). Балалар жұптасып, жеке би | | «Наурызкөже» әні |

| | | |
|---|---|---|
| | қимылдарын жасайды. Буын биі аталатын бұл билер ерте кезден келе жатыр.<br>Бұл бидің ерекшелігі – жас баладан еңкейген қарияларға дейін билейді.<br>Балаларға өз беттерінше қимыл жасауға мүмкіндік беру.<br>**Ой қозғау.**<br>Наурызкөжеге қанша тағам түрлері қосылады?<br>Пайдалы сусындар туралы не білесің? Олар қайдан алынады?<br>Наурызкөже ішетін тостаған ағаштан жасалады.<br>Ал торсық сусынды жолға алып жүруге арналған. Торсық теріден жасалады.<br>Наурызкөжеге салынатын тағамдарды қазанға сызық арқылы қос. | «Қара жорға» халық әуені |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.... минут | қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="3">Сәуір</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Табиғат тамшылары</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің мақсаты:</td><td colspan="2">Табиғат құбылыстарын түсіндіру.Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="2">Әуенді әндете айта біледі.<br>Әуенді ырғақты қимылдарды игереді.<br>Балалар сұрақтарға жауап береді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="2">Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="2">Балалар өткен ұіә сұрақтарға жауап береді</td></tr>
<tr><td colspan="3">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td>Шаттық шеңберіне тұру.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, жер-ана!<br>Қайырлы таң, мектебім!<br>Қайырлы таң, достарым!<br>Көңілді әуенмен сабақты бастау.<br>– Біздің айналамызды не қоршап тұр?<br>Әрине, табиғат. Табиғатта түрлі құбылыстар болады, жел соғады, жауын жауады, қар жауады, күн шығады. Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жаңбырдың да бірнеше түрі болады. «Ақ жауын», «нөсер жауын». Ақ жауын – жайлап ұзақ жауады, кейде апталап жауады. Нөсер жауын қатты құйып жауады, бірақ тез бітеді.</td><td>Тақырып бойынша көрнекіліктер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:** «Тамшылар» (муз. мен сөзі Л. Мұқашева). Балалардан әннің не жайында екенін сұрау. Әуен қалай орындалды, қандай екпінде, қандай көңіл күйде? Тамшы қайдан пайда болады? Балалардың пікірін тыңдау.<br>**Ән айту:** «Ақ жауын» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева).<br>Әнді педагог орындап, балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Жауын жылдың қай мезгілінде көбірек жауады? «Ақ жауын» деп қандай жауынды айтамыз? Ән қандай көңіл күйде айтылып отыр? Әннің сөздерін қайталату, анық, таза айтуларын қадағалау. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Қандай табиғат құбылыстарын білесің? «Ақ жауын» әнінің көңіл күйі суреттегі қай құбылысқа сай келеді деп ойлайсың?<br>Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Саған жаңбыр ұнай ма? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Құстар дауысы»** | |
| **Күні:** | 1 сағат | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету<br>Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды<br>Ойынға кызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жінішке дыбыстарын айтады.<br>Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстардың қандай пайдасы бар? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балаларөткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»**айтып қарсы алады.<br>Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді.<br>Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.<br>**«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.**<br>Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:**Балаларды музыка тыңдауға шақырады.<br>Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.<br>Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатыные түсіндіреді.<br>Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.<br>Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды. | **құс пен оның балапанының суреттері.** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым**<br>Орындалып, ойын ұйымдастырылады.<br>**«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).**<br>«Көкек» (Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді.<br>Жетекші қыздарға «шөжелерім» биин қайталатады.<br>Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым» биин үйретеді.<br>**Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»**<br>ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидиктикалық ойынмен жалғастырып үыретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабылетін дамытады.<br>Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады,<br>мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды,<br>-құстар даусы қандай?<br>-балапанының даусы қандай?<br>Балаларды мақтайды, қоштасады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | | **Гүл көбелек** | |
| **Күні:** | | **1 сағат** | |
| **Топ:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру.<br>Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу;<br>Қимыл қарқынын өзгерте отырып,ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді<br>музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;<br>музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | көбелек,гүлзар | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен ұіә айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады.<br>Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады.<br>«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау).<br>Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл,еркін қимылдауларын қадағалайды. | | себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылғанқағазданжасалған көбелек, нота хрестоматиясы. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды.<br>**Көктем қандай көрікті,**<br>**Балақайлар көріпті.**<br>**Дала гүлге толыпты,**<br>**Көбелек гүлге қоныпты!– деп, көбелекті гүлдерге қондырады.**<br>Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек!<br>Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.<br>**Музыка тыңдау: «**Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен).<br>Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.<br>Әуенді тыңдап,қызығушылықтары артады.<br>**Әнайту:**«Көктем»(К.Қуатбаев,А.Асылбек) | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Педагог әнінің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.<br>Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп,  анық айтуға үйретеді.<br>Балалар,көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен?<br>Аленді көбелектер сияқты бибилеп үйренейік.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**«Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік»жинағынан).<br>Әуенге  ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау.<br>«Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің  таңдауымен).<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Ұшасың сен көлбеңдеп.<br>Қызыл, жасыл керемет<br>Гүлгеқоншы,көбелек!– деп балаларды ойынға шақырады.<br>«Вальс»ойналып, ырғақпенжеңіл қозғалуларын бақылайды.<br>Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».<br>Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету.<br>Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Қандай көбелектер бар екен?<br>Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді.<br>Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Бауырсақ немен кездесті?** | |
| **Күні:** | **1сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;<br>әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру;<br>әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету;<br>жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуен ырғағын сезіне, жануарлардың қимыл-қозғалысын көрсетеді;<br>Таныс әндермен пьесаларды біледі;<br>Әннің кіріспесін тыңдап, әнді сипатына сай орындайды. | |
| **Тілдік мақсат:** | паровоз, пойыз,«пш-пш»,«пух-пух», «гу-гу-гу» | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алу.Үнтаспада поезд дауысы естіледі.<br>Поездға біз барайық,<br>Вагоннан орын алайық,– деп, вагондарға –тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.<br>Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш,пух-пух, Ән айтып біз қостайық.<br>Әуен аяқталысымен балалар көңілді поездан түсіп, орманда қыдырады.<br>Орманда жүріп, ағаш жанында тығылып отырған қоянға кездеседі.<br>Педагог ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады.<br>Балалар,қараңдаршы,мынау тығылып отырған аңды танисыңдарма?<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Жүйріққоян,сақ қоян.<br>Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, –деп ұсыныс айтады. | **қысқы орман,** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**«Қояндар биі» (Ж. Оффенбах) ойналып,<br>педагог балаларға әуенге ілесе өз еріктерінше қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:** «Қояндар»(Е.Тиличеева).<br>Пьесаны тыңдап, сипатына көңіл аудару.<br>Көңілді,ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.<br>**Ән айту:** «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) екінші рет орындағанда, балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды.<br>Әннің 1-шумағын қайталап, сөздерін анықайтуға үйрету.<br>Әуенге ілесе бірге орындауын бақылау.<br>**«Қояндар мен аю» ойыны («Қояндар маршы» А.Райымқұлова).**<br>**Ойын барысы: Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян).**<br>Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрету<br>Балалардың ойынға белсене қатысуын қадағалайды, әуен орындалып, үйшіктен тәрбиеші-аю шығады.Әуен қайта ойналып, аю би қимылдарын жасайды, балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Қоян қалай билейді екен?<br>Сендерге қоянмен бірге болған ұнады ма?<br>Көңілді поезд отырып, жолға шығатындарын ескертеді.<br>Поезд дауысы естіліп,бірінің соңынан бірі қатарласа жүреді.<br>Саяхаттың аяқталғанын,бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| **Мамыр** | | |
|---|---|---|
| Міндеті | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>**Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Тату доспыз бәріміз** | |
| **Күні** | **1сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты** | ДостықМузыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Әннің көңіл күйін, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Музыка әуеніне ілесіп қимыл жасағанды ұнатасың ба?<br>Саған қандай әндер ұнайды?<br>Музыка тыңдағанды ұнатасың ба? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар тыңдаған музыкалары жайында өздерінің пікірлерін ортаға салады. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Педагог:** Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларындағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. | Жүздері бал-бұл жанған бақытты балалардың суреттері |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Достар» **Сөзі: Фариза Оңғарсынова**<br>**Әні : Айжігіт Асанов**<br>Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу. Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме | |

| | | |
|---|---|---|
| | әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.<br>**Миға шабуыл**<br>Бұлбұл әдеміән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет.<br>**Ән айту:** «Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)<br>Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ –жауап.<br>Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.<br>Достарыңмен қалай ойнайсың?<br>Достарың туралы әңгімеле.<br>Бұл суреттен не көріп тұрсың?<br>Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.<br>Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>Смайлктер беру | Смайлктер |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Ел қорғауға әзірміз** | |
| **Күні:** | **1сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Балалар Отанды қорғау туралы түсіне отырып, музыканың түрлі сипаттарын ажыратып айту. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді. Би қимылдарын мәнерлеп көрсетуді, гүлдермен биді жеңіл,<br>бірқалыпты билеуді біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау. | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады.<br>Күлімде күн күлімде<br>Бүлдіршіндер қуансын<br>Жарқырап күнде ашылды<br>Айналаға нұр шашылды<br>Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды.<br>**Әуенді –қимылды ойын: «Тату достар**».<br>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>-Кім билегенді ұнатады? | Әр ұлттың суреттері |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Дауыс жаттығулары:** Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.<br>Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз, | |

| | | |
|---|---|---|
| | Біз тату достармыз,<br>Біз үнемі біргеміз.<br>**Әнүйрену: «Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев**<br>Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.<br>түсінеді.<br>Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.<br>Зеңгір көктем, нұрын төккен<br>Ортақ біздің күніміз<br>Жайнап өскен, жайдары өскен.<br>Біз өмірдің гүліміз<br>Бал достыққа, жолдастыққа,<br>Шақырады әніміз<br>Тыныштыққа нұр құшаққа<br>Бақыттымыз бәріміз.<br>**Дид ойын: «Достарыңмен қалай ойнайсың?»**<br>**Шарты:** Достарың туралы әңгімеле. Суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | **Қортынды.**<br>Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?<br>Смайлктер беру | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘ тақырыбы:** | **«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев** | |
| **Күні:** | **1сағат** | |
| **Топ:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҮІӘ-нің міндеті:** | Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу.<br>Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.<br>Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, дыбысталуын ажыратуды. | |
| **Тілдік мақсат:** | Ән айтқанды ұнатасың ба? Неліктен?<br>Қандай әндерді, әншілерді білесің?<br>«Өнерлі өрге жүзеді» дегенді қалай түсінесің? | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады. | |
| | **ҮІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады.<br>Күлімде күн күлімде<br>Бүлдіршіндер қуансын<br>Жарқырап күнде ашылды<br>Айналаға нұр шашылды<br>Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз!<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды.<br>**Әуенді –қимылды ойын: «Тату достар»**.<br>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>-Кім билегенді ұнатады? | Әр ұлттың суреттері |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып** | **Дауыс жаттығулары:** Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау. | |

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс**<br>.....минут | Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз,<br>Біз тату достармыз,<br>Біз үнемі біргеміз.<br>**Әнүйрену: «Біз  өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев**<br>Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді.<br>түсінеді.<br>Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.<br>Зеңгір көктем, нұрын төккен<br>Ортақ біздің күніміз<br>Жайнап өскен, жайдары өскен.<br>Біз өмірдің гүліміз<br>Бал достыққа, жолдастыққа,<br>Шақырады әніміз<br>Тыныштыққа нұр құшаққа<br>Бақыттымыз бәріміз.<br>**Дид ойын: «Достарыңмен қалай ойнайсың?»**<br>**Шарты:** Достарың туралы әңгімеле.  Суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | **Қортынды.**<br>Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы?<br>Смайлктер беру | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| **Тамыз** | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘТақырыбы:** | **«Жайлаудағы киіз үй»** | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Жаз жайлау туралы әңгімелеу, суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап.<br>Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынына, динамикасына, ырғақтық суреттеріне сәйкес ән сала алады.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып би орындау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) ажырата алады.<br>Тақырып бойынша өз ойларын жеткізуге тырысады. Сүйікті әндері туралы әңгімелей алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Киіз үй қандай болады, қандай бөліктерден тұрады? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Еске түсіріп, қандай тақырыпта музыка тыңдап, ән айтқанымызды қайталаймыз. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ. Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Көңілді музыка әуенімен балалармен амандасады. Шеңбер бойымен би қимылдарының элементтерін жасайды, естеріне түсіреді.<br>Біздің ата-бабаларымыз ерте кезде көшіп-қонып жүретін болғандықтан, көшуге ыңғайлы киіз үйде тұрған. Киіз үй жиналмалы болады. Төбесінде шаңырағы, керегесі, уықтары болады. Сырты киізбен қапталады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Киіз үйдің бұрышы болмайды, дөңгелек. | Киіз үйдің суреті, макеті, бөлшектері, жабдықтары. Слайдтар |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>..........минут | **Музыка тыңдау:** «Қазағымның қасиетті ақ үйі» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева).<br>Балаларға интерактивті тақтадан киіз үйді, оның бөлшектерін көрсету.<br>Балалармен киіз үй туралы әңгімелесу. Ертедегі ата-бабаларымыз осы киіз үйде тұрғандарын, көшіп-қонуға ыңғайлы екенін түсіндіру.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Қара жорға» (халық күйі). «Қара жорға» күйіне негізделген әуенді «гу» буынында орындау. Орындағанда ерін жиырылып, таңдай жоғары көтеріледі.<br>Терең тыныс алып, дем сыртқа еркін шығарылуы керек.<br>Ырғағына айрықша мән беру.<br>***Ән айту:* «Киіз үй» (муз. Ж. Тұрсынбаев, сөзі Қ. Баянбаев).** Педагог әуенді орындап, балалардан әңгімелеп берулерін талап етеді. Әннің сипатына, қарқынына, динамикасына тоқталып, балалармен сұрақ-жауап арқылы талдайды.<br>Ән айту барысында бір-бірін тыңдай отырып орындауларын қадағалау. | «Қазағымның қасиетті ақ үйі» әні Интерактивті тақта, киіз үй, оның бөлшектері<br><br>«Қара жорға» күйі<br><br>«Киіз үй» әні<br>«Киіз басу» (Келіншек) күйі |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Киіз басу» (халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қазақтың би элементтерін еске түсіре отырып балалардың ойдан орындауы (импровизация) қимылдармен билеулеріне мүмкіндік беру.<br>**Ұлттық ойын «Асық ату».**<br>**Ой қозғау.**<br>Әнді тыңдағанда көз алдыңа нені елестеттің? Киіз үйдің жиһаздарын ата.<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыр.<br>Киіз үйдің құрылысын айтып бер. Қандай бөліктерден тұрады? | Нота хрестоматиясы |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі ұіә туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>ҰІӘ балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

Бекітемін
«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МККҚ
Директор: Иманалиева А.Ш
Әдіскер: Кульжанова Б.Д
Тексерілді
«01» қыркүйек 2023 ж

Музыка бойынша ұйымдастырылған іс – әрекеттің перспективалық жоспары

Ортаңғы топ

2023-2024 оқу жылы

**2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОРТА ТОБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ҰІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек айы. 2023ж** | | | |
| | **Тақырыбы** | **Міндеті** | **Мерзімі** |
| | | | |
| | **«Біздің балабақшада»** | Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер) ажыратуды біледі. | **1 сағат** |
| | **«Менің сүйікті достарым»** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. | **1сағат** |
| | **«Мен өнерлі баламын»** | Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі. | **1 сағат** |
| **Қазан айы. 2023 ж** | | | |
| | **Тақырыбы** | **Міндеті** | **Мерзімі** |
| | **«Отбасым –бақытым»** | Ән мәтінін түсіне отырып, отбасы туралы әнді айта алады. | **1 сағат** |
| | **«Мен бақытты баламын»** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажыратуды біледі | **1сағат** |
| | **«Бағдаршам бағыт береді»** | Ән айту арқылы бағдаршам қасиеті туралы түсінеді | **1 сағат** |
| | **«Күз - жомарт», «Алтын күз»** | Музыканы тыңдау, айту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін біледі. | **2 сағат** |
| **Қараша айы. 2023 ж** | | | |
| | **Тақырыбы** | **Міндеті** | **Мерзімі** |
| | **«Шымыққан шымыр баламыз»** | Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажыратуды біледі. | **1 сағат** |
| | **Спорт – біздің досымыз** | Музыканың сүйемелдеуімен спорттық қимылдар жасай алады. | **1 сағат** |
| | **«Пайдалы жемістер»** | Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі | **1 сағат** |
| | **«Шақырамыз жарысқа»** | Музыкалық сүйемелдеумен әнді қосылып айта алады. | **1 сағат** |
| | | | |
| | **Тақырыбы** | **Міндеті** | **Мерзімі** |
| | **Мен Отанды сүйемін** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерін айта алады. | **2 сағат** |
| | **«Туған жерім – тұғырым»** | Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, | **1 сағат** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуды біледі. | |
| | **Астанаға саяхат** | Астана туралы түсіне отырып, әнді аспаптың сүйемелдеуімен айта алады. | **1 сағат** |
| | **«Айнала ақша қар»** | Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қыс мезгілі туралы түсінеді. | **2 сағат** |

**Қаңтар айы. 2024 ж**

| | Тақырыбы | Міндеті | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **«Жасыл шыршалар» қайталау.** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады | **1 сағат** |
| | **«Қыс қызығы»** | Әнді мәнерлеп айтадыа, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытады. | **2 сағат** |
| | **«Ормандағы кішкентай тұрғындар»** | Музыканы есту қабілетін дамиды, ырғақты ажырата біледі. | **1 сағат** |
| | **Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»** | Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата біледі. | **2 сағат** |

**Ақпан айы. 2024 ж**

| | Тақырыбы | Міндеті | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **«Су – өмірдің өзегі»** | Музыкалық шығарманың сипатын ажыратуды біледі. | **1 сағат** |
| | **«Пойыз» әні** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі. Әннің мәтінін дұрыс айта алады. | **2 сағат** |
| | **«Біз өнерпаз баламыз»** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырата алады. | **2 сағат** |
| | **«Ардақты ұстазым»** | Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады. | **1 сағат** |

**Наурыз айы. 2024 ж**

| | Тақырыбы | Міндеті | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **«Табиғат тамшылары»** | Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын білдіруді біледі. | **1 сағат** |
| | **«Наурыз – жыл басы»** | Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. | **1 сағат** |
| | **«Бесік жыры»** | Бесік жырын мағынасын түсініп орындай алады. | **1 сағат** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **«Тұсау кесу»** | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырата алады. | **1 сағат** |

**Сәуір айы 2024 ж.**

| | Тақырыбы | Міндеті | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **Мен әдепті баламын** | Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады. | **1 сағат** |
| | **Құстар дауысы** | Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырата алады. | **1 сағат** |
| | **Көңілді жаңбыр** | Музыканы есту, сезіну арқылы, әннің көңіл күйін, мазмұнын түсіне біледі. | **1 сағат** |
| | **Тақырыбы: Дәрумендер досымыз** | **Міндеті:** Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуды біледі. | **1 сағат** |

**Мамыр айы 2024 ж.**

| | Тақырыбы | Міндеті | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | **«Біз өмірдің гүліміз» Ә. Дүйсенбиев** | Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіне алады. Би қимылдарын орындай алады | **1 сағат** |
| | **«Ел қорғауға әзірміз»** | Балалар Отанды қорғау туралы түсіне отырып, музыканың түрлі сипаттарын ажыратып айта алады. | **1 сағат** |
| | **«Жайлаудағы төлдер».** | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата біледі, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айта алады. | **1сағат** |
| | **Атамның киіз үйі** | Әуенді соңына дейін тыңдай отырып, таныс әуендерді ажырата біледі, | **1 сағат** |

Бекітемін ____________
«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы»
ЖШҚ МКҚК
Директор: Иманалиева А.Ш
Әдіскер: Кульжанова Б.Д
Тексерілді ____________
«01» 09 2023ж

# МУЗЫКА БОЙЫНША ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
## ОРТАҢҒЫ ТОП
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | | **Тақырыбы:** «Менің балабқшам» | |
| **Күні:** | | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | **Орта топ** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу.<br>Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.<br>Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен, белсене араласады.<br>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.<br>**Пікір Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Балабақша деген не?<br>Сендерді таңертең кім қарсы алады?<br>Бұл жерде не істеміз? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут**<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | «**Біздің балабақша»** (Б.Қыдырбаева, М. Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алу.<br>Қанша бала, қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз!<br>Педагог өлеңдерді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді үйрету<br>Сұрақ - жауап<br>-Балабақша туралы қандай тақпақ өлең білесіңдер?<br>-Балабақшада не үйренесіңдер?<br>Сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу.<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді.<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді. Бұл не? | | қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | «**Ойыншықтармен би**» қимылдарын үйрету. Ойыншық қуыршақтармен. | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы»** (Б.Жүсібәлиев) әуені тыңдау.<br>Әуенді тыңдап, сипаты туралы , қуыршақтары туралы әңгімелеп берулерін сұрайды..<br>Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br>Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.<br>**Қуыршақпен би.**<br>Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын бірге мәнерлеп орындайды.<br>«Қуыршақ мұны» -мұңды жабырқау. Әуенді тыңдап,сезінеді, мағынасын түсінеді,<br>«**Қуыршақтар әуенін**» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы**: «**Әлди әлди»** және «**Ән шырқайық**» орындалады. Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете » айту әдісімен жаттықтыру.<br>**Ән үйрету: «Жас дәуірдің түлегіміз»** (Т.Жұмалиева, Е.Өтетілеуұлы) әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу. Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқтауына назар аудару.<br>**Ойын: «Алтын қақпа»**. Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтайды.<br>**Би: «Құстар»** биінің негізгі елементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландырады («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.<br>Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыландыру. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Сендер барлық өнер түрін балабақшағы үйренесіңдер.<br>-Сендерге балабақша ұнай ма?<br>-Сүйікті ойыншығың не?<br>-Қандай өнер түрі ұнайды?<br>Жатқа білер дос атын,<br>Күнде бізді тосатын.<br>Балабақша – біздің үй,<br>Басымызды қосатын.<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘТақырыбы:</td><td colspan="2">«Балдырғандар әні»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Балаларды Отанын, жерін сүюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету.<br>Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді.<br>Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.<br>Балалар жұппен шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.<br>Әуеннің өзгеруіне сай қимылды да өзгертеді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:Достық, сайрандаймыз, әдептілік, батылдық.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Отанды қорғау деген не? Астананы көрдіңдер ме? Бәйтерек қандай?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар үйренген әндерін қайталап айта алады. Ән әуеніне қимылды жасауды біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Амандасады.<br>Шаттық шеңберін жасау.<br>Жүгірту, би қимылдарын үзінділер жасату (серіппе, аяқты топылдату, т.б)<br>Балабақша бағында<br>Сайрандаймыз таңында<br>Нақ өзімдей бүлдіршін<br>Достарым көп жанымда. І.Шұғаев<br>Балалар, сендер күнде таңертең қайда келесіңдер?<br>-Балабақшада не істейсіңдер?<br>-Балабақшада болу сендерге ұнай ма?<br>-Балабақшада педагог апайларын өз аналарындай тамақтандырады, ертегі оқып береді, ән-би үйренесіңдер, әдепті, тәртіпті болуға баулиды. Өздеріңе дос тауып, бірге ойнайсыңдар.<br>Енді осы балабақша туралы ән тыңдайық.</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып</td><td colspan="2">Ән тыңдау: «Балабақша бағында» (С.Кәрімбаев, І.Шұғаев).<br>-Әнде не туралы айтылған?</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **бойынша жұмыс**<br>.......минут | Өткен сабақта қандай ән айттық? Дұрыс, достық, татулық туралы айтқанбыз.<br>Бірге жүрген достар бір-бірімен тату болуы керек. Біз де бір-бірімізбен татумыз.<br>**Ән үйрену: «Балдырғандар әні» (Ш.Қалдаяқов, О.Әубәкіров).**<br>-Алдымен ән айту ережелерін еске түсірейік.<br>-Бұл ән де бақытты балалар туралы. Ән әрбір күннің қуанышты екенін, балалар бақытты екенін жырлайды. Балалар қуанышты, бақытты болса, бақшада гүлдей жайнайды. Әнді музыка жетекшісі көңілді, жеңіл орындап береді.<br>Көтеріңкі көңіл күймен балаларға үйретеді.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл: «Қосарланып билеу»** (Литваның халық әні).<br>Балаларды жұптасып, шеңбер бойында тұрғызу. Әуенмен жеңіл жүргізу. Әуеннің өзгерісіне қарай аяқты топылдатып, қолдарын соқызып, қол ұстасып, дөңгеленіп айналдыру. Балалардың бірдей қимыл жасауына көңіл аудару.<br>Әнді ести алуларын, соған сай қимыл жасай білулерін қадағалау. | Балабақша өмірінен суреттер. |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>белсене араласқан балаларды ерекше атап өту. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі:  Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Тату доспыз бәріміз»** | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру.<br>Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар ережелерді сақтайды. Әннің  мәтінін үйреніп, әуенге қосылып айтады.<br>Балалар музыка әуеніне ілесіп, қимылдар жасайды.<br>Қол ұстасып, әуенге ілесіп еркін жүреді, аяқтарын ырғаққа ілесе топылдатады.<br>Қол ұстасып, айналады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Достық туралы түсініктерін жеткізуге тырысады.<br>Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>**Сөздік жұмыс:** Татулық, достық<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** Дос дегеніміз не? Достар қандай болу керек? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар үйренген әндерін зор ықыласпен орындайды. дыбыстарын бере алады.<br>Өз шығармашылықтарын достарымен бөліседі. | |
| | **ҰІӘ  өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды музыка залында көңілді қарсы алу.  Амандасу.<br>-Амансыңдарма дастарым? Сендерді көргеніме қуаныштымы!<br>Қуан шаттан алақай!<br>Қуанатын кез келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң балақай!<br>-Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді.  Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар. | Музыкалық сүйемелдеу |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | -Бәріміз бір-бірімізбен татумыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.<br>**Ән тыңдау: «Достық»**  (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>-Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова).<br>-Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне | «Менің досым» - балалардың салған суреттерін көре ұйымдастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту.<br>Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»** (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев)<br>Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойп, аяқты топылдатқызу. Келесі әуенде қол ұстастырып, шыркөбелек айналдыру. Әуенді ести отырып, өз беттерінше қимылдауға үйрету. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Сұрақ –жауап, балаларды мадақтау, көтермелеу. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Кел билейік»** | | |
| **Күні:** | | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.<br>Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Би және биші туралы білгендерін айтады.<br>Музыканы тыңдай отырып, бұл музыкаға қандай қимылдаржасауға болатынын айтуға тырысады.<br>Әннің мәтініне үйреніп, әуенді қосылып айтады.<br>Ән ырғағына сай қимылдар жасайды.<br>3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады. | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**Жалығу, жабығу.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** Биші туралы білесіңдер ма?<br>Биді кім билейді?<br>**Оны қайдан көрдіңдер?** | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды?<br>Өткен сабаққа шолу жасау. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** | |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып музыка залына келген балаларды көңілді қарсы алу.<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне жылы ықыластарын, қолдарының жылуын беруін қадағалау.<br>Армысың асыл күн!<br>Армысың асыл жан!<br>Армысың көк аспан!<br>Армысың жер ана!<br>Армысың жан досым!<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым бос.<br>**Аппақ көйлек киемін,**<br>**Қос етегі бүрмелі** | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қамзол кидім қынай бел**<br>**Толған ою-өрнекке.**<br>**«Билесін» деп сұрайды ел,**<br>**Өнерімді көрмекке     О.Асқар**<br>-Балалар, өлеңде кім туралы айтылып отыр? Биді кім билейді?<br>Теледидардан, түрлі концерттерден, өздеріңнің араларыңнан да бишілерді көріп жүрсіңдер.<br>Сәнді киімкиіп, түрлі биді билейтін адамдарды биші деп атайды.<br>Сендердің де билегілерің келе ме? | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>....... минут | **Музыка тыңдау: «Би»**   (Е.Андосов)<br>-Музыканы ести отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарыңа елестетіңдер ме? Ырғақпен алақанды соғуға аяқты топылдатуға атқа шапқан секілді шабуға, серіппелі отыруға болады.<br>Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталау.<br>**Ән үйрену: «Кел, билейік»** (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев)<br>-Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты. Бұл әнде баланың білмей отырған досын  биге шақыратыны жайлы айтылады.  Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп, риза болуын қалайды.<br>Музыка жетекшісі әнді мәтініне мән бере отырып, әуенін үйретеді.<br>Әуенді-қимылды ырғақ: Қандай? «Қосарланып билеуді»  жалғастыру.<br>Бірінші шумағында орындарында тұрып, әуенге  қосылып ән айтуды ұсынады. Содан кейін биге үйретеді. | Ұлтық көйлекпен билеп жүрген қыздың суреті |
| **ІV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘтақырыбы:</td><td colspan="2">Менің жанұям</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айта алады..<br>Қайырмасында аяқтарын топылдатып, қолдарын шапалақтайды.<br>Соңғы шумағында қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап әнді аяқтайды<br>Би қимылдарында тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдылардын үйренеді</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар:Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады.<br>Әркім өз отбасы туралы айтады.<br>Сөздік жұмыс: Татулық, отбасы, балақан, алақан<br>Пікір алмасу сұрақтары: Отбасы деген не?<br>Отбасымызда кімдермен бірге тұрамыз?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен сабақтағы әнді қайталап айтып, қимылмен жасайды.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер туратынын сұрап, жауап беруге мүмкіндік жасау, анам, әкем деген сөздерді айтқызып, әже, ата сөздерін айтуға жетелейді.</td><td>Балалар музыка залында күліп отырған әжені айнала жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>.......минут</td><td colspan="2">Балалар мен бәріңнін әжелеріңмін қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасыңдар.<br>Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (музыкасын жазған Ә, Бейсеуов, сөзін жазған Н. Арынова)<br>-Сендердің ауылда әжелерің барма, келіп тұрама?<br>-Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме?<br>Өткен сабақта үйреткен «Кәне, қызық ойын бар» әнін қайталау.<br>Дауыс жаттығулары: «Әлди-әлди», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары.<br>Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.<br>Жаңа ән: «Топ- топ балақан» (музыкасын жазған Н.Арынбаева, сөзін жазған А.Асылбек) әні орындалады.<br>-Ән кімдер туралы айтылған. Әже әнді өзі орындап береді.</td><td>отбасы бейнеленген суреттер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді.<br>«Топ-топ, балақан, шапалақта алақан»деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдаты, содан соң алақандарын шапалақтайды.<br>Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды.<br>«Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде екі қолды аспанға көтереді.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл:**«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).<br>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>.........минут | Әже балалармен қоштасады.<br>Әже балаларды мақтайды, марапаттайды. | Әжемен қоштасады. |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Күзгі еңбек»** | | |
| **Күні:** | **2 сағат** | | |
| **ТОП:** | | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу.<br>Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар музыкаырғағымménсекіруді, жүруді,жанымен, алға-артқа, аяқ ұшықимылдарынжасауға талпынады.<br>Балалар шеңбер бойымен билепжүреді, белгі берілгендеүйреткен орнына тұрады | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**көтеріңкі, баяу, көңілді, вальс, полька, марш, күз мезгілі жетеді, күз бояуын шашады.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Музыка саған қандай көңіл күй сыйлайды?<br>Әуенге ілесіп өз бетіңше қимыл жасаған саған ұнай ма? Ән салғанды ұнатасың ба? | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақта қандай музыкалық шығарма тыңдадық, қандай ән айттық, ән не туралы болды? Өткен сабаққа шолу жасау. | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Музыка жетекшісібалаларды қарсы алады,амандасады:<br>- Сәлеметсіңдер ме,балалар!(до, ре, ми, фа, соль, соль,<br>ля, ля, соль)<br>**Ән тыңдау: «Тамшылар»**(М.Жәутіков). Балаларды шеңбербойымен жүргізіп,жеңіл би ырғақтарына жаттықтырады, үйретеді.Би элементтеріне, өзорындарына тұрудықал ыптастырады.<br>**Қимылды ойын: «Өзорныңды тап!»** Бұлойын балаларды<br>ойлау қабілеттерінедағдыландырады, зейініноятады.<br>Балаларды зал бойыменжеке-жекетөрт қатарға тұрғызады,<br>өз орындарын, кімніңартында, кімнің алдындаекенін көріп алулары керек.Музыка әуені басталғандабалалар еркін ырғақтарменжүгіре билейді. Музыкатоқтап, «Өз орныңды тап!»- деп музыка жетекшісібелгі бергенде балаларалғашқы орындарынатұра қалуға үйренеді.<br>Бұл тапсырманы ойынретінде залға келген сайын<br>ойнатып үйретсе, балалареркін тұруға қалыптасады. | | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс** | **Балаларға интерактивтітақта, ширма арқылы би түрлерін көрсетеді:**<br>вальс,полька, марш, қазақ биін.<br>Опера және балет театрының бейне таспасынан үзінділерді тыңдайды, көреді. | | бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш. |

| | | |
|---|---|---|
| ....... минут | Жанр түрлерін қайталап айтқызу, үйрету.<br>Балаларға музыканың әртүрлі бояулардан жасалатынын түсіндіреді.<br>Жоғары және төмен дыбыстар – көтеріңкіжәне баяу қимылдарды сипаттайды.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қамажай (өңдегенН.Меңдіғалиев).<br>Балалардың қолына түрлі -түсті желпуіштер таратады.<br>Өте баяу музыка – сарытүс. Баяудан бірте-біртекөтеріледі - ақшыл жасыл.<br>Көтеріңкі - жасыл<br>Балаларға күз мезгілініңтүстерін, құбылысынтүсіндіреді.<br>**Дауыс жаттығулары:**фа, фа, ми, ре, до Жоғары дыбыс - қызыл.<br>Оң қолымен музыка дыбыстарын төмен, орташа, көтеріңкі көрсетіп, тыңдайды<br>**«Күз»**жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.<br>**Ән үйрену**: «Бұл қай кезде болады? Күз» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов).<br>Ән сөзін сезіне айтуғаүйретеді.<br>**Би:** «Кел, билейік»(Б.Байқадамов,М.Әлімбаев).<br>Би қимылдарын көрсетіп,үйретеді (би үлгіде көрсетілген). | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Күзгі орман»** | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Балалар әуенмен жүруді, биырғақтарын қайталауды үйренеді.<br>Балалар «Күзгі орман» суретінеқарап, орманда қандай аңдардың бар екенін айтады.<br>Білетін аңдардың қимылынсалып жүруге тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Орман туралы, ондағы өздері білетін аңдар туралы айтады.<br>Күз мезгілінде табиғат құбылыстары туралы қойған сұрақтарға жауап береді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Сүйемелдеумен, сүйемелдеусіз, қарқын, екпін.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Күзде ауа – райы қандай болады?<br>Жапырақтардың түсі қандай түске енеді? Қалай киінеміз? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Балаларды А.Затаевичтің «Қазақ маршы» шығармасыменқарсы алу.**<br>Шеңбермен жүруді,жүгіруді, жеңіл биырғақтарын үйрету.<br>«Күзгі орман» суретінбалаларға көрсетіп,орманда қандайаңдардың мекендейтінінсұрайды.<br>- Өздерің білетінаңдардың қимылын салыпкөрсетіңдерші.<br>- Балалар, бәріміз біргекүзгі орманға атарбағаотырып барайықшы:<br>Атарбага мінеміз,<br>Күзгі орманга келеміз.<br>Аңдарменен дос болып,<br>Саңырауқұлақ тереміз, -<br>деп балалардыотырғызады. | қуыршақтар, Аю, Тиін, Түлкі, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:**<br>Музыка жетекшісібалаларды музыкатыңдауға отырғызады, сипаттарын түсіндіреді.<br>**«Жанрды ажырат»**әуенді-дидактикалықойыны арқылы ән тыңдап,жанрын ажыратуғаүйретеді.<br>**1. «Сәби қуанышы»**(Е.Құсайынов) – көңілдіырғақ.<br>**2. «Мерекелік марш»**(Б.Дәлденбаев) - жігерлі.<br>3. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев)- сабырлы. | **Сөздік жұмыс:**<br>саңырауқұлақ тереміз, күз келді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **«Баспалдақпеншығамыз»**(Е. Тиличеева) жаттығуынжасату.<br>Балаларға: «Көліккемінеміз, орманға барамыз»,- деп шеңбермен алыпжүреді.<br>**«Күзгі орман» ертегісін**қуыршақ театры арқылыойнауды үйрету.<br>Әже,қыздар, Аю, Түлкі.Ертегіні қуаршақ театры<br>арқылы ойнап, әндерін,қимылдарын ұсыну.<br>**Ән үйрену:**<br>**«Саңырауқұлақ тереміз»**(Г. Абдрахманова) әніүйретіледі.<br>Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Би қимылдарын көрсетіп, («Ақжелкен» үнтаспасынан) жеңіл би ырғағын үйретеді.<br>Дидактикалың ойын: «Қасңыр мен ңояндар»қойылымын<br>(Ж. Бизенің «Кармен» шығармасына) үйретеді (би қимылдары үлгіде берілген). Балаларды орындарына отырғызып, текше арқылы жігерлі, көңілді, сабырлы сипаттарды ажырату ойынын ұсынады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Балалардан орманда қандай ән-билерді көрген, үйренгенін сұрайды.<br>Мадақтайды, қоштасады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">Жау-жау жаңбыр.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Балалар күз туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады.<br>Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орй жауап береді.<br>күз құбылыстарын білу керек.<br>жомарт күз, алтын күз, асатаяқ деген ұғымды игереді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар: Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>Сөздік жұмыс: Жомарт, қамбаға, көл-көсір.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Күзде ауа – рай қандай болады?<br>Қандай табиғат құбылыстары болады?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау. Күзім- ау, күзім -ау,<br>Мінезің бұзық- ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық- ау.<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Ауа рай қандай?<br>-Табиғатта қандай құбылыстарды байқадыңдар?<br>-Күзді қалай атауға болады.<br>-Күзде жауын көп жауып, күн суытады.<br>Жемістер көкеністер піседі. Күзді көбінесе «Алтын күз», «Жомарт күз» деп атайды.<br>Ән айту: «Жау-жау жаңбыр»Өлең: Ш.Сариев. Әнін: К. Дүйсенеев<br>Балалар аспаппен танысып, қолдарына алып қызықтап, әуенге ілесіп ырғақпен сілкілеп ойнауға тырысады.</td><td>Күздің суреттері.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы</td><td colspan="2">-Әнді музыка жетекшісі айтып береді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | мәтінін талдап, әуенімен қосылып үйренеді. Өткен әуендерді қайталайды. Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.<br>**Музыкалық аспаппен танысу.**<br>-Сендер қазақтың киелі аспабы домбырамен танысасыңдар.<br>Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспабының бірі –асатаяқ.<br>**Асатаяқ** – ұрып ойналатын аспап. Оған әртүрлі сылдырмақты, қоңыраулы әшекейлер қадайды. Музыка ырғағына қарай сілкілеп ойнайды.<br>Асатаяқ ансамбльдегі басқа аспаптардың үнін көркемдеп, көріктендіреді.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Жау-жау<br>Балалар кезекпен шығып, әуенге ілесіп, жаңбыр».ырғақпен сілкілеп ойнайды. | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -балалар, біз қандай жыл мезгілдері туралы айттық?<br>-Қандай аспаппен таныстық?<br>Қорытындылау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Күз байлығы»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.<br>Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Қимылдарды қайталап, әнді айтуды үйренеді..<br>Балалар ертегілер еліндегі ойнағандарын естеріне түсіреді.<br>Жемістер жазда, күзде пісетінін біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Күз мезгілі туралы тақпақтарын айтып беру, даладағы өзгерістерді түсіне біледі.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**күз береке, байлық, өнімдер<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Күз мезгілін қайдан білеміз?<br>Күзде қалай киінеміз?<br>Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру.<br>Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Балаларды амандасужаттығуын жасап қарсыалу.**<br>Ө. Байділдаевтың «Көңілдіби» шығармасыменбалаларды қарсы алады,жүреді, әртүрлі ырғақтықимылдарды жасап<br>үйретеді.<br>- Балалар, біз өткен жолы «Күзгі орманға» барып, әртүрлі аңдарды көрдік. Ал бұл жолы біз «Бақшасыйын» тамашалаймыз. «Жеміс бағында» дейтін әдемі өлеңді суреттен оқыпкөруге шақырамын.<br>- Балалар, жемістер қайкезде піседі?<br>- Қандай жемістерді білесіңдер?<br>(Балаларға суретті көрсетеді). | Интерактивті тақта<br>Алматы туралы деректі фильм |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Музыка тыңдау: «Жемісбағында» (Ж. Қалжанова)өлеңін «Айгөлек» әніне салып айтады.<br>Екінші рет суретке қарап, әнді балаларға қайталап<br>айтуды ұсынады.Енді «Бұлқайкездеболады? Күз» әнін (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов)есімізге түсірейік.<br>**Дидактикалық ойын:«Қоңыраулардыңдыбысын ажырат».**<br>Тыңдату. | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Айтыңдаршы, балалар, қандай дыбыс естідіңдер?<br>Балаларға берілген текшеарқылы қоңыраулардың<br>түрін, дыбысын ажыратудытүсіндіреді.<br>**Ән үйрену:**<br>**«Жаңбыр»**(Ә.Телғозиев,Қ.Мүсірепов).<br>**Би: «Аңдар» биі** (Бизенің«Кармен » шығармасына<br>қойылған).**«Кел, билейік»**(Б.Байқадамов) биінқайталап айту.<br>**Ойын: «Саусақ сезімін оят».**<br>Дорбаның ішіне: алма,алмұрт, қара өрік, сарыөрік салып қояды.<br>Балаларқарамай, қолмен ұстапсезіну арқылы қандай жеміс екенін табу керек.<br>- Балалар, бүгін қаймезгілге арналған әндіайттыңдар?<br>-Қандай ойын[1] ойнадыңдар?<br>- Сендер өте жақсықатыстыңдар.<br>- Сау болыңдар! | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Қуыршаққа көмек** | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | **Балаларды музыка арқылы қимыл-қозғалысқа үйрету.**<br>**Тазалық, мейірімділік туралы түсінік беру.** | |
| **Күтілетін нәтиже:** | ойыншықты күтіп ұстауды, көмектесе білуді, өлең жолдарын қайталап айтуды біледі | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Музыка залға балаларды қабылдау**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Жуынбайды,жуынсақ,<br>Бұл не деген қуыршақ<br>Тығылмайды тығылсақ<br>Бұл не деген қуыршақ 1,2,3,4,5<br>Қуыршақтың тұсауын кес<br>Қуыршағым,қаз-қаз<br>Қыдырайық аз-маз | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Тосын сый: Әуенмен қуыршақ Айман кіреді. (көңілсіз қуыршақтың қимылымен көрсету)<br>Қуыршақ: Сәлеметсіңдер ме,балалар! Сендер қандай,әдемі,көңілдісіңдер.Ал менің ойнайын десем,досым жоқ. Не істесем екен?<br>Тәрбиеші: Ой,қуыршақ Айман сен олай деме,осы жердегі әрбір қыз сенімен дос болуды қалайды.<br>Балалар , қуыршақ Айманға көмектесейік,көңілін көтерейік.<br>Ендеше Қуыршақ Айман сен бізбен бірге дүкенге жүр,өзіңе жақсы дос тап.<br>Тәрбиеші: Балалар ойыншықтар дүкеніне немен барсақ екен?<br><br>Слайд (көліктер бейнебаян)<br>Балалар алдымызда көліктер жүре алмайтын кедергілер бар. Содан өту үшін көліктен түсіп,іздермен жүріп, тастардан секіріп өтуіміз керек.(іздер мен тастардан өту) | |

| | | |
|---|---|---|
| | -Міне балалар ,ойыншықтар дүкеніне жетіп қалдық. Дүкеншімен амандасу.<br>-Саламатсыңдар ма ,балалар!<br>Слайд(ойыншықтар көрсету)<br>Ойыншықтарға жалпы сипаттама . Әртүрлі,ерекше ойыншықтар бар екен.<br>Ойыншықтардың түрін,түсін, пішіні, көлемін, түсіндіру.<br>(Жұмсақ,қатты,қызыл,көк)<br>Балалар қуыршаққа ойыншықтар туралы ән үйретеміз бе?<br>**Дауыс жаттығулары:** «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.<br>**Ән үйрену**.<br>**Сөзі Н.Әлімқұловтікі**<br>**Әні И.Нүсіпбаевтікі**<br>- қуыршақ Айман көңілің көтерілді ме?<br>- иә<br>Қуыршақ: балалар менің қолымда кішкентай әдемі қуыршақтарым бар. Сол қуыршақтарымның орамалдары әдеміленбей қалыпты. Орамалын әдемілеуге көмектесесіңдер ме?<br>Педагог: Әрине қуыршақ балалар тобына сені ертіп барып орамалдарды әшекейлеп береді.<br>Триз әдісі бойынша әшекейлеп бояу<br>Сөздік жұмыс: орамал | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -Біз қайда бардық?<br>-Немен бардық?<br>-Қонаққа кім келді?<br>Мадақтау: Балалар жарайсыңдар. Көптеген ойыншықтарды біледі екенсіңдер.<br>Рахмет.Жақсы қатысқан балаларды атау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Дәрумендер досымыз»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз<br>есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар:Қойылған сұрақтарға жауап бере біледі<br>Сөздік: жемістер, көкөністер<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Неліктен жемістер пайдалы деп атаймыз? Несімен пайдалы?<br>Қандай биді ұнатасың?<br>Билеген ұнай ма?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Ырғақты қозғалыстарда қандай би қимылдарын жасағандарын еске алып, қимыл жасайды.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ. Ұйымдастыру.<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Балалармен амандасу. Ұрмалы музыкалық аспаптарда үйренген әуендерді еске түсіріп қайталау.<br>Проблемалық сұрақ: Пайдалы және салауатты тағам деген не?<br>Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді.<br>– Балалар, сендер түрлі жанрда, түрлі ырғақта, түрлі көңіл күйде музыка тыңдадыңдар.<br>Музыка ұнады ма?</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>..... минут</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: Дауыс жаттығулары: «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз.<br>Ән айту:«Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).<br>Педагог әнді орындап, таныстырып болған соң, әннің не туралы айтылғанын әңгімелейді. Балалардан не туралы айтылып отырғанынсұрақ-жауап арқылы сұрайды. Әннің көңіл күйі туралы, қарқыны қандай күйде жазылғаны туралы түсінік алады. Ән орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үйлесімді орындауларын талап етеді.<br>Аспаппен танысу: «Қандай аспап?» – асатаяқ, тұяқтас, үшбұрыш, ксилофон, металлофон аспаптарының үндерінен есту қабілеттері арқылы дыбыстарынан ажырату. Қай аспаптың қалай дыбысталатынын айтып беру.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Ойын : «Жемістер мен көкөністер»<br>Шарты: Жемістермен көкөністерді айырып жинау. Жемістерді қызыл себетке, көкөністерді жасыл себетке жинау. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>......... минут | Саған қандай жемістер мен көкөністер ұнайды? Олардың қандай пайдасы бар? Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Спорт – біздің досымыз»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">1сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырата алады.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасай алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар: Сұрақ-жауап кезінде тілді нақты пайдалануға дағдыланады. Әннің мазмұнын түсіне отырып ойларын жеткізуге тырысады.<br>Көптілділік: спорт – спорт<br>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Спорт маршы, аяқ добы, ашық-жарқын.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Музыканы тыңдай отырып не елестеттіңдер? Спорт туралы не білесіңдер? Әнде не туралы айтылған, спорттың ондай түрін білесіңдер ме? Музыка әуеніне ілесіп ленталармен жаттығу жасаған сендерге ұнады ма?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен сабақта қандай тақырыпта ән айтып, қандай қимыл жасағанымызды еске түсіреміз. Қандай музыкалық шығарма тыңдағанымызды, не туралы әңгіме жүргізгенімізді пысықтаймыз.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Балалармен амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды қайталап еске түсіру. Аспапта ойнаған әуенді шапалақпен ырғаққа келтіріп ұру.<br>Проблемалық сұрақ: Деніміз сау болуы үшін не істеу керек? Балалар ой қорытып, спортпен айналысу керек деген тұжырымға келеді. Спорттың қандай түрлерін білесіңдер? Бүгінгі сабағымыз осы спорт туралы. Әлемге әйгілі спорт түрі аяқдоп (футбол) туралы ән үйренеміз.</td><td>Спорттың түрлері туралы суреттер, слайдтар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>......минут | **Музыка тыңдау:** «Спорт маршы» (муз. В. Соловьев-Седой). Әуенді тыңдап, бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болатынын сұрау.<br>Шығарманың күшті, әлсіз бөліктерін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:** «Тойбастар» (муз. Д. Нұрпейісова). Күйдің негізгі әуенін «лэй» буынында орындау. Терең дем алып, дауысты еркін шығаруға үйрету. Сегіздік, оналтылық ноталарды орындау ерекшеліктеріне көңіл аудару.<br>**Ән айту:** «Аяқдопшы» (муз. Т. Кулинова, сөзі. Б. Тобаяқов). Әннің сипатына көңіл аудару. Қандай көңіл күйде жазылған? Әннің мазмұны не туралы? Спорттың бұл түрін бұрын естігенің бар ма? Өздерің бұл ойынды ойнап көрдіңдер ме?<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** « Орамалмен жаттығулар» (муз. Д. Шостакович (вальс). Вальс ырғағында  орамалмен созылмалы қимылдар жасау. Лентаны жоғары-төмен көтеріп, түсіру, оңға-солға бұлғап мәнерлі қозғалыстар жасау. Вальс әуенінде екпінге ілесіп қимылдау. | «Спорт маршы» музыкасы<br><br>«Тойбастар» музыкасы<br><br>«Аяқдопшы» әні<br><br>«Лентамен жаттығулар» (вальс) |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>..... минут | Спорт ойындарының қандай түрлерін білесің? Спорт не үшін қажет деп ойлайсың? Суреттегі спорт ойыны қалай аталады? Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. Саған спорттың қай түрі ұнайды? Неліктен? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Біздің ойыншықтар»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br>Балабақша туралы тақпақ-өлеңдер айтады.<br>Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.<br>Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнел енген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсетеді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар:өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелейді.<br>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:қуыршақ мұны, жас дәуір, түлек.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>Ойыншық бізге не үшін керек?<br>Ойыншықтар неден жасалады?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өздері білетін әндерді қайталайды., би қимылдарын көрсетіп, өз армандары туралы әңгімелейді</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">«Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М. Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алу.<br>Қанша бала, қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз!<br>Өлеңдерді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.</td><td>қуыршақтар, ойыншықтар, түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс<br>.....минут</td><td colspan="2">-Балабақша туралы қандай тақпақ өлең білесіңдер?<br>-Балабақшада не үйренесіңдер?<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.Бұл не? (Ойыншық)<br>Ойыншық қуыршақтарды алып, «**Ойыншықтармен би**» қимылдарын үйрету. Қуыршақтарды бірге қозғап, қимылдарын бірқалыпты жасауға дағдыландыру.<br>**Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы»** (Б.Жүсібәлиев) әуенің тыңдауды үйрету.<br>Әуенді тыңдап, сипаты туралы және қуыршақтары туралы әңгімелеу.<br>Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br>«**Қуыршақтар әуенін**» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы**: «**Әлди әлди»** және «**Ән шырқайық**» орындалады. Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете » айту әдісімен жаттықтыру.<br>**Ән үйрету:** «**Жас дәуірдің түлегіміз»** (Т.Жұмалиева, Е.Өтетілеуұлы) әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу.<br>Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқтауына назар аудару.<br>**Әуенді –дидактикалық ойын**: «**Әуенді сағат»** ойналады.<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді. Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Бүгінгі ҰІӘ туралы балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау.<br>– Егер сабақ қызықты өтті деп ойласаң қатты шаплақтаймыз, егер қызықты болмаса жай шапалақтаймыз. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Менің Отаным»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелеу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Өздері білетін қалалар немесе өзітуған ауыл, қала туралы әңгімелейді.<br>Балалар жатқа білетін тақпақ,өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне қошемет көрсетіп, қол шапалақтайды.<br>Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтап, дауыстарын соза әндетуді үйренеді | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Ән мазмұнынәңгімелеп беруге әрекеттенеді.<br>Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Алтын бесік, туған өлкем, биікке самғау<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Отанды қорғау үшін біз қандай болып өсуіміз керек?<br>Отан деген не? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру.<br>Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **«Марш»** (А. Затаевич)әуенін ойнатып, балаларғаәуен екпінін сезіне жүруді ұсынады.<br>Бір, екі, үш!<br>Бойға жинап күш.<br>Шыныгачыз таңертең,<br>Ағалардай Отанға<br>Ұлан болам мен ертең!<br>Тізені жоғары көтере нықбасып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.<br>Балаларға түрлі түстіжалаушалар береді.**«Жалаушамен би»**(Е.Брусиловский)орындалып, би қимылдарынкөрсетеді. Жалаушаныбірдей қозғап, біргеқозғауларын бақылайды.<br>«Марш» (А. Затаевич) қайта ойналып, балаларға әуен екпінімен жүруді ұсынады.<br>Маршпен адымдап жүреміз,<br>Ержетіп, өсіп келеміз! -деп марш екпінімен жүріп, | «Менің Отаным»атты слайд немесе сурет көрмесі |

| | | |
|---|---|---|
| | орындықтарға отыруларын  сұрайды. | |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Ән тыңдау: «Отан -ортақ үйіміз»** (Д.Ботбай,Е. Өтетілеуұлы).<br>- Бұл әннің көңіл күйіқандай?<br>- Ән мазмұнында не туралыайтылады?<br>- Сен өз Отаныңды жақсыкөресің бе? - деген сұрақтарқою арқылы балалардыңОтан туралы түсінік-ұғымынкеңейте түседі.<br>Дауысымыз әдемі,<br>Шықсын созыла.<br>Әндетейік енді біз.<br>Бірге қосыла!<br>**Дауыс жаттыгуы:«Алтын күн».** Дауысырғақтарына мән беретыңдалады.<br>**Ән үйрену: «МенiңОтаным»** (Ө.Байділдаев,Б.Ысқақов).<br>Әнді таныстырып, балаларкомпозиторы Ө.Байділдаев<br>туралы әңгімелейді, суретінкөрсетеді.Әнді орындап, сипатын,мәтінін әңгімелеуге ықпалетеді.<br>- Ән не туралы?<br>- Сендерге ән ұнады ма?Бірге айтуды ұсынады.<br>Қысылып еш саспайық,<br>Қызық ойын бастайық!<br>**Ойын: «Тақия тастамақ».** | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Балаларға шеңбер бойымен  жайғасып отыруды ұсынады.<br>- Туған жерің қандай?<br>- Қай қалада тұрасың?<br>- Отан туралы қандайтақпақ білесің?<br>Балаларға сұрақтар қойып,оқу іс-әрекетін бекітеді. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Гүлдене бер, Астана»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көңілді, ынталы орындауға төсілдіру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | музыканы, ырғақты, сезіну, сипаттарды ажырата білуді үйренеді.<br>Ән айта біледі.<br>Музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді меңгереді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Астана туралы өз ойларын айтып үйренеді.<br>**Сөздік жұмысы:** көңілді, жігерлі, сабырлы.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>**Астанаға бардыңдар ма?**<br>**Бәйтеректі қайда көрдіңдер?**<br>**Астанаға немен барамыз?** | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Жетекші балаларды «**Көңілді марш»** ырғағымен күтіп алады.<br>Жаттықтырып денені,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бәр-екі, бір-екі,<br>Адымдап біз жүреміз, - деп «**Музыка ырғағымен** жаттығамыз» ырғақты қыймылдар жасайық.<br>«Сәлемдесу жаттығуың» жалғастырады.<br>Балалар пойызға отырып, Астанаға барып келейік. РЭП ырғағымен әндете:<br>Гүлдене бер, Астана!<br>Пыш, пыш, пыш, пыш.<br>Астанамыз – бас қала!<br>Гу-гу-гу-гу.<br>Жасай берсін кең дала !<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Тоқтатамыз пойызды, | дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер. |

| | | |
|---|---|---|
| | Пыш, пыш, пыш, пыш. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау: «Асқақтаған, Астана!»**<br>**(**А. Әлиев, Н.Айтұлы) әнін тыңдайық. Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көңіл бөлейік.<br>-Астана қандай қала?<br>-Әннің сипатын ажырат?<br>**Дидактикалық ойын: «Сипатын ажырат».** Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек<br>Балалар суретке немесе тақтаға қарап, Астана туралы қысқаша фильм көреді.<br>Балалар әнді тыңдайды. Астана - әдемі,жаңа қала. Шығармаларды тыңдап, сипаттарын ажыратуға тырысады.<br>**Дауыс жаттығуы: «Менің елім»**<br>(Г. Абдрахманов) әнін бірнеше рет айту.<br>**Ән үрету: «Бәйтерек» (Б.Әлімжан,** Ж.Маханбетова).<br>**Билеп үйренейік: «Қара жорға»** балаларды тұрғызып, би қыймылдарын көрсетеді. Балалардың қыйалына байланысты би жарысын ұйымдастырыладыкөңілді,<br>Әнді бірінші тыңдап алып, сұрақтарға жауап береді.<br>Әнді анық айтуға, бірдей бастап бірге бітіруге тырысады.<br>Балалар өз орындарына тұрып, би қимылдарын қайталайды.<br>Буындарын еркін қозғауға тырысады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | **Музыканы тыңдаған ұнай ма?**<br>**-Сендер өте жақсы ән салып, би биледіңдер.**<br>Балалардың жауаптар тыңдалады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Қыс қызығы»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">2 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Әуенсазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге баулу,<br>әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. .</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Өткен күндерді еске түсіріп, қайталау.<br>Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.<br>Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар:Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады.<br>Сөздік жұмысы: шаңғы, шана..<br>Пікір алмасу сұрақтары:</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.<br>Қыс келді, қыс мұз – қарлы,<br>Қыраулы да ызғарлы.<br>Қыс келді, қыс боранды,<br>Қырат көрпе оранды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Өлеңде не туралы жазылған?<br>-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?<br>-Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар.<br>-Күн суық, қалың киінесіңдер.</td><td>Қыс туралы суреттер</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы</td><td colspan="2">Музыка тыңдау: Вальс</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | -Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.<br>Сендер мұндай музыкаларға қандай қимыл жасағыларың келеді.<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.<br>**Ән айту: «Қыс қызығы»**<br>(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуүлы).<br>Әнді музыка жетекшісі орындап береді.<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Қандай көңіл күйде?<br>Мәтінін әуенге қосылып үйрену.<br>**Ойын: «Қасқыр мен көжек».**<br>Музыканы тыңдай отырып,әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.<br>**Би: «Қасқыр мен қояндар».**<br>Көрініс би («Билеп үйренейік»).<br>Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.<br>Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді. | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>-Қорытындылау, бағалау, марапаттау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Шырша жыры.** | |
| **Күні:** | **2 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Қыс көріністерін суреттеп айта біледі.<br>зырлайды сөздерін түсінеді.<br>Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын игереді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Балала қыс туралы білгендерінше жауап береді.<br>**Сөздік жұмыс:**Тікенек, жап-жасыл, қуанышты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Шыршаны қайдан көреміз<br>Шырша тойы сендерге ұнай ма? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.<br>Айналамда ұшып жүр,<br>Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров)<br>-Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс сендерге несімен ұнады?<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>Терезеңді торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Балдырғандар ойнайды.<br>-Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр. | |
| ҰІӘ-нің ортасы | **Ән айту:** «Шырша жыры»Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден | |

| | | |
|---|---|---|
| **III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Аппақ, аппақ,<br>Жапалақтап<br>Қар жауады тыңбастан<br>Қалың орман,<br>Қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан<br>О, алақай аяз ата!<br>Келе жатыр алыстан<br>Кел билейік, үйренейік<br>Ол келгенше жаңа жыр<br>Құтты болсың, құтты болсың<br>Құтты болсың, жаңа жыр.<br>Балалар жұмбақ –өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.<br>**Әуенді – ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар»** Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау**.** | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?<br>-Қандай ән үйрендік?<br>-Қандай әуенге қимылдар жасадық?<br>-Бидің аты қалай? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Біздің оркестр»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспа дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру.<br>Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады.<br>Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Ән мазмұнынәңгімелеп беруге әрекеттенеді.<br>Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады.<br>Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** Дирижер, оркестр, концерт.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Суретте дирижер не істеп тұр?<br>Қолында не бар? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Өткен сабақтағы әндерді қайталау, еске түсіру, тыңдаған шығармалар не жайында болғанын еске түсіру. Ырғақты әндерге қосылып қимыл-қозғалыстар жасау. | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларға **«Қазақ маршы»** (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүруін, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.<br>Асығып жүгіріп саспайық,<br>Көңілді жаттығуларды бастайық!<br>**«Жаттығу»** (А. Райымқұлова, А.Асылбек) әуеніне шебер бойымен тұрып, ән мәтініне сай аяқ топылдатуды, қол шапалақтауды көрсетіп, үйретеді.<br>Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады. | Оркестр, дирижер суреттері, ұлттық музыкалық аспаптар. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік берді. Балалардан таныс аспаптарын атап, көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратыны жеткізеді. Дирижердің суретін көрсетіп, атқаратын қызметі туралы ұғындырады.<br>Бірнеше оркестр суретін көрсетіп, мәлімет береді.<br>**Музыка тыңдау: «Сарыарқа»** күйін («Құрманғазы» оркестрінің орындауында) үнтаспадан | |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдатады. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелеулерін сұрайды.<br>-Балалар әнді әдемі айту үшін, даусымыз жарқын шығуы үшін не істейміз?<br>**Дауыс жаттығуы: «Керней»** (Д.Ботбаев, А.Асылбек) айтылып, «та-ра буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталатады.<br>Біз өнерпаз баламыз,<br>Біз де билей аламыз,<br>Аспаптарда ойнаймыз,<br>Ән де шырқап саламыз!<br>**Ән үйрену: «Біздің оркестр»** әнін балаларға орындап береді. Әнді зейін қойып тыңдатып, не туралы айтылатынын сұрайды.<br>Әннің 1-шумағын орындап, балаларға қосылып айтуды ұсынады.<br>**Әуенді-дидактикалық ойын: «Сырнай мен даңғыра»**. Ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды,<br>әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?<br>-Дирижер деген кім?<br>-Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?<br>-Жаңа әннің сипаты, екпіні қандай? Сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді. Балаларды мадақтайды.<br>Үйде қатты қағазға домбыра суретін салып, қиып әкелуді ұсынады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td>ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Аңдар айтысы»</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3">1 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Балалар күлдіргіштер музыкасың тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.<br>Балалар топтарға бөлініп, әр аңның әуенін үйреніп, сол аңға тән қимылды жасауға талпынады.<br>Балалар алған әсерлерін жауап беру арқылы жеткізеді.<br>Әуенге сай аңдардың музыкасың ажырата біледі.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар: Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстардың қандай пайдасы бар?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен іс-әрекет кезінде бастап үйренген көрініс биді естеріне түсіріп, әрі қарай жалғастырып үйренеді.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген<br>Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.<br>Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.:Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі,<br>Айласы көп,Бұл не?Түлкі<br><br>Жаңғақ жауған орманда<br>Күндіз қорек айырып,<br>Жатады кеш болғанда<br>Өз құйрығын жамылып.<br>Үстің толған ине,<br>Бірің берсең, шіркін,<br>Қадар едім түйме.Кірпі</td><td>түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | -Балалар, біз қыста жаңа жыл мерекесін тойладық. Міне, қазір ескі жаңа жыл да келді. Өздерің білесіңдер, жаңа жыл ертегі ғажайыптарына толды.<br>Бізде ертеңгілікке қандай аңдар, ертегі кейіпкерлері келді?<br>Сол мерекені еске түсіріп, әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз, ойын ойнаймыз. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау: «Күлдіргіштер».** П.И. Чайковский<br>-Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма?<br>Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп, аңдардың айтысын бейнелеу.<br>**Ән айту: «Аңдардың айтысы»** (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова).<br>Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ аю әнін айтып, әнмен бірге қорбандап жүру.<br>Тез, шапшан қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, ән айтқызу.<br>Аңдар хорын барлығы түгел айтады.<br>**Би: «Қасқыр мен қояндар».** Өткен сабақта үйренген көрініс биді жалғастыру.<br>**Ойын: «Аю мен қояндар».** Қояндар жеңіл музыка әуенімен көңілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысында қаша жөнеледі. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -Бүгін бізде қандай аңдар қонақта болды?<br>-Қай аңдардың әнін орындадыңдар?<br>-Орманда өткен сабақ ұнады ма?<br>Қорытындылау, бағалау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Құстар дауысы»** | |
| **Күні:** | 1 сағат | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету<br>Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуенді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасайды<br>Ойынға кызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жінішке дыбыстарын айтады.<br>Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:**Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>Қандай құстарды білесіңдер?<br>Құстардың қандай пайдасы бар? | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балаларөткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Жетекші балаларды «Амандасу жаттығуын»**айтып қарсы алады.<br>Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді.<br>Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.<br>**«құстар», «құстар шоқиды» Т.Ломова.**<br>Әуенін тыңдатып, құс сияқты ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді. | |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Музыка тыңдау:**Балаларды музыка тыңдауға шақырады.<br>Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады.<br>Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатыные түсіндіреді.<br>Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.<br>Құстар әуенін келтіріп, кезек - кезек ауыстырып ойнайды, балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды.<br>**Ән үйрену: Ән тыңдау: «Торғай ағаш қорғайды» Қ.Қайым«Бөдене әні»(Р.Байқоңыров, А.Асылбеков).**<br>Орындалып, ойын ұйымдастырылады. | **құс пен оның балапанының суреттері.** |

| | | |
|---|---|---|
| | **«Босторғай»(Е.Құсайынов, А.Асылбеков).**<br>«Көкек» (Б.Аманжолов). -әр құстың әнінен бір шумуғын орындатып үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып болған сон, топ балаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді.<br>Жетекші қыздарға «шөжелерім» биин  қайталатады.<br>Ұлдардың қолдарына қамшы беріп, «тұлпарым»  биин үйретеді.<br>**Дидактикалық ойын: «қандай дауыс?»**<br>ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидиктикалық ойынмен жалғастырып үыретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабылетін дамытады.<br>Текшеде мысық пен мысықайдын суреті болады,<br>мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке-жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын   тыңдағандарын сұрайды,<br>-құстар даусы қандай?<br>-балапанының даусы қандай?<br>Балаларды мақтайды, қоштасады. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Айнала ақша қар»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">2 сағат</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2"></td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Балалар: Музыкалық шығармалардың қарапайым формаларын, яғни кіріспесі мен қайырмасын ажырата алады.<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен таза айта алады.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілеттеріне сүйеніп ән сала алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Балалар: Айнала қоршаған орта туралы әңгімелей алады.<br>Толық жауап беруге дағдыланады, пікірталасқа атсалысады.<br>Сөздік жұмыс: Ырғақ, кіріспе, қайырма, ансамбль, жай және жылдам, асықпай, тез.<br>Пікір алмасу сұрақтары:<br>Музыкада жылдамдықтар әртүрлі болады, неліктен деп ойлайсың? Музыканы тыңдай отырып не елестетесің?Қыс мезгілі саған ұнай ма? Қыста ойналатын қандай ойындарды білесің? Сырғанақта ойнаған саған ұнай ма?</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Балалар өткен сабақтарда айтқан өлеңдерінен педагогпен бірге қысқаша попурри айтады.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td align="center">Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2" align="center">Жоспарланған іс-әрекет</td><td align="center">Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II. Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.</td><td align="center">Қыста көңілді балалардың сырғанақ теуіп жүрген, аққала жасап жүрген суреттері</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>........ минут | **Музыка тыңдау:** «Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б. Әбдіразақов).<br>Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек.<br>Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).<br>**Дауыс жаттығулары:** «Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру.<br>**Ән айту:** «Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.<br>Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).<br>Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.<br>Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау. | «Музыкалық аспаптарға арналған этюд» |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>....... минут | Ән не туралы?Әннің ырғағы мен қарқыны қандай?<br>Шыршамен байланысты мереке қалай аталады?<br>Шырша туралы тақпақ білесің бе?<br>Жаңа жыл мерекесінде барлық бала асыға күтетін кейіпкер кім? | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Қыс өрнегі»** | | |
| **Күні:** | | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру.<br>Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру.<br>Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | таныс шығармаларды ажыратуды, еске сақтауды, ән мәтінін әңгімелеуді біледі<br>балаларға арналған музыкалық аспаптарда еркін ойнауды, даусын ажыратуды,<br>ырғақты.сезіне білуді үйренеді | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Сөздік жұмыс:** шырша, полька, вальс.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | «Полька » әуені орындалып, балалар шеңбер бойымен полька жүрісімен секіре басып жүреді. Польканың<br>адымын жеңіл секірулерін қадағалап, үйрету.<br>Балалардың назарындалаға аударып, қысмезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді. «Қысқыпейзаж» көрмесінен<br>суреттер көрсетеді.<br>Қалыңдасын қары бұл,<br>Келсін аяз мықты ма?<br>Қарсы аламын бәрібір,<br>Сағыныппыз қысты да.(Ә. Қайыржанқызы)<br>- Қыс мезгілі кімге ұнайды, неліктенұнайды? - деген<br>сұрақтар қою арқылықызығушылықтарын арттырады. | | «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **Әуенді қимыл: «Көңілді полька» (И.Штраус) орындалып, би қимылдарын көрсетіп, қайталауларын сұрайды**.<br>Музыка жетекшісі қыс көрінісін бейнелейтін суретті көрсетіп, өлең жолдарын оқиды.<br>Өстіп, міне, қыс түсті, | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Бола қалды дала аппақ,<br>Қар лақтырып үсті-үсті,<br>Балалар жүр далақтап.<br>**Қимылды ойын: «Шана тебеміз».**<br>- Сендерге қыста ойнаған ұнай ма?<br>- Қандай ойындарды ұнатасыңдар?<br>«Қысқы ойындар» суреті<br>**Музыка тыңдау: «Біз шадыман баламыз»(Ә.Бейсеуов, С.Қалиев).**<br>- Әннің көңіл күйі, сипатықандай?<br>- Әнде не туралыайтылған? -деген сұрақтар қоюарқылы ән мазмұнынұғынуларына ықпал етеді.<br>- Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру.<br>Қыста жерді жауыпкетеді,<br>Ал көктемде агып кетеді.(қар)<br>Жаздай тыныгады,<br>Қыстай зымырайды.(шана)<br>Әндетейік жаттыгып,<br>Асықпайыц аптыгып, -деп балаларды дауысжаттығуына дайындайды.<br>**Дауыс жаттыгуы:«Қыс»**<br>Аппақ күміс бар әлем, ля-ля-ля...<br>**Зымыраймыз шанамен,ля-ля-ля...(Н.Аманжолов)**<br>Жаттығуды бірнеше ретайтқызып, балалардыңдауыс ырғақтарынқадағалайды.<br>Дауысымыз әдемі,<br>Ән шырқайық біз енді.<br>**Әнүйрену: «Ақшақар» (К.Қуатбаев,Қ.Ыдырысов.)**<br>Әннің мәтінін оқып беріп,түсінулеріне ықпал етеді.Әнді айтып, мәтінгесәйкес қимылдардыкөрсетеді.<br>Балалардың педагогкеқарап қайталап, бірге қимылдауларын ескертеді.<br>Ойын: «Қай аспаптаойнаймын?»<br>Бубен, маракас, қоңырау,барабан аспаптарындаойнауды ұйымдастырады.<br>Ойналған аспаптың даусын ажыратып, атынатауды, аспапта ойнапкөрсетуді сұрайды. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Қортынды.<br>Торғайлар тон киеді,<br>Аяз беттен сүйеді.<br>Жиналып ап бар бала<br>**Тұргызамыз қар қала! (Н.Аманжолов)**<br>- Қыста ауа райы қандайболады?<br>-Қыс мезгіліндегі қандайойындар ойналады?<br>Қар жауғанда топ бала<br>Соқтыц келіп аққала | |

| | | |
|---|---|---|
| | Мұрны сәбіз, үп-үшкір<br>Көзі көмір, қап-қара.   (С.Қалиев) | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘ тақырыбы:** | **«Бауырсақ» ертегісі** | |
| **Күні:** | | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҮІӘ-нің міндеті:** | балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | балалар ертегіні сомдай, сахналай білуді үйренеді<br>рөлде ойнау дағдыларын меңгереді<br>ертегіні сахналау дағдылары дамиды | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҮІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.<br>Жан әжемнің жанында<br>Тіпті рахат секілді.<br>Айтады ұйықтар алдында<br>Ертегіні не түрлі.<br>- Сендер қандай ертегі білесіңдер?<br>- Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер?<br>- Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші.<br>- Қандай кейіпкерлер бар? Балаларға әр кейіпкерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату.<br>Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді.<br>Ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады.<br>Музыка тыңдап, әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады. | «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары. |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **«Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады. Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рөлге бөлу.**<br>- Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты.<br>Күй ойналып, ата мен әже әрі-бері жүріп, әженің қамыр илегенін көрсетіп, | |

| | | |
|---|---|---|
| | бауырсақты терезе алдына келтіреді.<br>- Жата-жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады.<br>Қоян (әндете, белгілі бір әуенге салып): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін. Бауырсақ (әндете):<br>Мен атамнан қаштым,<br>Апамнан да қаштымі<br>Ал сенен қашу, қоян,<br>Қиын емес маған. Бауырсақ қашып кетеді. Музыка жетекшісі:<br>- Балалар, бауырсақ қояннан қашып кетті ғой. Кәне, бәріміз қоянның көңілін көтеріп, «Қояндар биін» қосылып билейік.<br>Балалар өз қалаулары бойынша рөлдерді бөліп алады.<br>Әже рөлін сомдаған бала қамыр илеп, нан пісіріп, оны терезе алдына қояды. Бауырсақ жеңіл музыка әуеніне ілесіп домалайды. Қоян бауырсаққа қарсы жүріп, жейтінін байқатады.<br>Музыка ойналып, қасқыр шығады. Қасқыр (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.<br>Бауырсақ (әндете): Сен мені жеме, мен өлең айтып беремін (әнін айтады). Қасқыр аңтарылып қалады.<br>Музыка жетекшісі:<br>- Қасқыр, сен ренжіме, балалар сенімен ойын ойнап, көңіліңді көтермек. Ойын: «Қасқыр қақпан».<br>Қасқыр түсті қақпанға<br>Жортып келе жатқанда.<br>«Аяғым» деп шыңғырды,<br>Аяғымды сындырды. Осы кезде қорбаңдап Аю келеді, алдынан Бауырсақ кездеседі. Аю (әндете):<br>Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.<br>Бауырсақ әнін айтып қашып кетеді, Аю аузын ашып қалады. Музыка жетекшісі:<br>- Аю, сен ренжіме, балалармен ойын ойнаймыз.<br>**Ойын: «Аю мен қояндар».**<br>Түлкі (әндете):<br>Мен сұлу түлкімін,<br>Жай өтпес бір күнім.<br>Ішінде жүремін,<br>Айғай-шу күлкінің. Алдынан Бауырсақ кездеседі. Түлкі: Амансың ба, Бауырсақ!<br>(Әндете) Қандай әдемі болып кеткенсің! Бауырсақ әндетеді.<br>Түлкі: Құлағым естімейді, қайта айтшы Музыка жетекшісі:<br>- Балалар, бауырсақты түлкі жеп қоймақшы, кәне бәріміз құтқарайық. Қалай құтқаруға болады?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Түлкі, сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді ән айтып береміз.<br>**Ән: «Ертегілер».**<br>Бауырсақ әнін айтып, қасқырдан қашып кетеді.<br>Балалар шеңберде жүріп өлеңді айтып, қасқыр ортада аяғын ұстап қимыл жасады.<br>Аю қорбаңдап әуенімен ән салады, бауырсақты кездестіреді. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Аю балалармен ойын ойнайды.<br>Түлкі қутыңдап келеді. Бауырсақ әнін айтады.<br>Балалар бауырсақты түлкіден құтқарады. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | Қортынды<br>Сұрақ –жауап. балалрды мадақтау. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘ тақырыбы:** | **«Орманға саяхат»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҮІӘ-нің міндеті:** | Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету:<br>Нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Марш ырғағын тыңдайды.<br>Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр.<br>«вальс» ырғағы баяу,созыңқы,сабырлы.<br>Қояндар көңілді, шапшаң, жеңіл биледі.<br>Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындауды үйренеді<br>Әнді көңілдене айтуға тырысады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**Көңілді, көңілсіз, жігерлі.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** Орманда нелер өмір сүреді?<br>Қандай жануарларды білеміз?<br>Сендерге қай жауар ұнайды? | |
| **Өткен ҮІӘ-нен алған білім** | Балаларөткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді. | |

**ҮІӘ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басталады.<br>«Біз үшін» Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.<br>**Ал балалар,балалар,**<br>**саяхатқа шығайық.**<br>**Ормандағы аңдарға**<br>**көлікке мініп барайық!**<br>«Саяхат» шығармасын тыңдай жүріп,балалар көлікке мініп,орманға барады. | |
| ҮІӘ-нің ортасы<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | Балаларды отырғызып, «Вальс» шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады.<br>**Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті.**<br>Тапсырманы алып, топқа келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді.<br>Көлікке бірге мінейік,<br>әрі қарай кетейік,<br>жылдамдатып жетейік. | Ағаштар,билеп тұрған аюлар,вальс,марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген |

| | | |
|---|---|---|
| | **Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.**<br>Жетекші: балалар, қояндар қалай билейді?<br>**«Көңілді би» шығармасын тыңдауды ұсынады.**<br>Көлікке енді міңеміз, әрі қарай кетеміз,-деп тағы сапарларын жалғастырады.<br>**Үшінші ағаштағы тапсырма- қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті.**<br>**«Мерекелік марш» шығармасын тыңдаймыз.**<br>-Балалар,қасқырлар қалай жүріп жатыр?<br>көлікпен үйлеріне қайтып келеді.<br>-осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді,балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші.<br>**Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу,** созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді.<br>**Екінші аялдамада қояндар шапшаң**, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді.<br>**Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен,** жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.<br>Әндетейік, жырлайық,<br>әсем әнге салайық.<br>Жаттықтырып даусымызды,<br>әйбат бала болайық.<br>**Дауыс жаттығуы: «Көктем»**<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келеміз»**<br>Би билейік ырғалып,<br>секірейік жұптасып.<br>Кезек-кезек, оңға-солға<br>аяқтарды созайық.<br>**Би: «Қосарланып билеу»**<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл не?».**<br>Аңдарбейнеленгенсуреттердетөлдеріненелерініңқасынаапарыпқою, табу.<br>Мысалы, қонжықтың суретін апарып ана аюдың қасына қояды. Өзанасынтауыпбереді. | қояндар.<br>Тапсырмасы бар бар текшелер. |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | -балалар, орманда қандай аңдармен кездестіңдер?<br>-аюлар қалай биледі?<br>-қасқырлар қалай биледі?<br>-қояндар қалай биледі?<br>Балалардың бүгінгі іс-шараға белсене қатысқандарын айтып мадақтайды. | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Пойыз» әні** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Әннің не туралы айтылатына түсінік беру.<br>Музыканың шығармашылық іс-әрекеттін қарапайым, дағдыларын меңгеру.<br>Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әуенді әндете айта біледі.<br>Әуенді ырғақты қимылдарды игереді**.**<br>Балалар сұрақтарға жауап береді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:** қарқ-қарқ, бытбылдық, бозторғай, көкек.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | -Баланы сабаққа дайындау, жылулық шеңбер құру.<br>-Жана сабақты түсіндіру.<br>-балалар сендер Пойыз әнін естіліндер ме?<br>-Оның авторы кім екенін білесіндер ме?<br>-Ол өлеңнін әнін кім жазғаның білесіндер ме?<br>-Пойыз дегеніміз не?<br>-Ол қайда жүреді?<br>-Сендер оған мініп көрдіндер ме?<br>-Біздің ауылда пойыз бар ма?<br>Бір-біріне жылы тілек білдіру,(жақсы бол,ауырма, денің сау болсын)<br>Балалар қойған сұрақтарға қуана жауап береді. | Суреттер**.** |
| ҰІӘ-нің ортасы<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | **«Пойыз» әні**<br>Сөзі – Ж.Смақовтікі<br>Әні – К.Қуатбаевтікі<br>Кәне, кімнің бойы ұзын?<br>Паровозы ол пойыздың. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қатар-қатар тұрайық,<br>Пойызды біз құрайық.<br>Ал, паровоз, баста алға,<br>Бәрімізді басқар да.<br>Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Гу-гу, гу-гу, гуілде,<br>Қалып қойма бірің де,<br>Пыш-пыш, пыш-пыш, біз кеттік,<br>Жүрісті тым тездеттік!<br>Бірнеше рет қайталата отырып әнді жаттатамын.<br>-Оны түсініп, әннің нақышына келтіріп айтады.<br>Тәрбиешінің көмегімен әнді жаттайды.<br>**Сергіту сәті**: «Пойыз»<br>-Балалар сап түзеп тұрады,Бір бала машинист болып, «Пойыз» әнін педагогтың көмегімен қайталап қимылмен айтады.<br>**Дидактикалық ойын :** «Не жоқ?».<br>**Міндеті**: Балалардың зейінін,есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Шарты:<br>Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші ойыншықтардың орнын ауыстырады немесе біреуін тығып қояды. Балалар жоқ ойыншықты тауып айтады.<br>-Балалар әрбір сөзді қыймыл көрсетіп жасайды. | |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>**.....** минут | **Қортынды.**<br>-Пойыз жүргізушісін қалай атайды?<br>-Балалар бүгін біз кімнің өлеңмен таныстық. Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?<br>-Балаға сабақты қайталау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**Іс-әрекет түрі: Музыка.**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **«Ақ әжем»** | |
| **Күні:** | **1 сағат** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.<br>Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету.<br>Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Текшелерден аспаптарды дұрыс тауып көрсетуді үйренеді.<br>Аспаптар дауысын естіп, түрлерін ажыратып айтады.<br>Меңгерген аспаптарында әуенді сезіне ойнайды. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Балалар:** Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді. әже туралы әңгімелесу<br>**Сөздік жұмыс:** қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, сырмақ.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:** | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Балалар өткен сабақтардағы сұрақтарғажауапбереді | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Балаларға «Марш» екпінімен кіріп, шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Әуен аяқталысымен зал ішінде шашырап жүгіруді, «Марш» ойналғанда қайтадан өз орындарын тауып, әуен ырғағымен жүруді ұсынады. «Вальс» (П.Чайковский) орындалып, балаларға жұптасып тұрып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасауды сұрайды. Әуен аяқталысымен отырып жайғасуды ұйымдастырады. «Менің әжем» атты суреттерді көрсетіп, өз әжелерімен таныстырады. Әжелеріне арналған өлең - тақпақтардан сайыс ұйымдастырылады.<br>Мейірімі - жел жібек,<br>Күндей ыстың құшағы.<br>Ет жүрегі елжіреп,<br>«Құлыным» деп құшады.(С. Мәуленов)<br>Музыка тыңдап, екпінін сезіне нық жүреді. Әуен тоқтағанда шашырап, жан-жаққа жүгіреді.<br>Марш ойналғанда өз орындарын тауып, бастапқы қимылды қайталап, шеңбер бойымен жай жүреді.<br>Жұптасу биінің қимылдарын қайталайды. | ұлттық ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар (сазсырнай, шаңқобыз, сыбызғы).«Әдемі сырмақ», «Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттері. |
| ҰІӘ-нің ортасы | Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К.Қуатбаев, О.Әубәкіров) әнін орындап, балалардан ән сипатын, | |

| | | |
|---|---|---|
| **III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.....минут | мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.<br>Құрт пен майды жинаған,<br>Балаларға сыйлаған.<br>Бұл әжемнің өмірі<br>Таусылмайтын жыр маған.<br>(Х. Талғаров) Дауыс жаттығулары: «Әлди-әлди» және «Ән шырқайық». Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Ән үйрену: «Әже тілегі» (Т.Қоңыратбай, Х. Талғаров). Композитордың балаларға арнап жазған көптеген әндері бар. Әуенді орындап, балаларға сұрақтар қояды,<br>- Әже деген кім?<br>- Сенің әжең кімнің анасы?<br>Өздері салған әжелерінің суретін көрсетіп, әжелер туралы тақпақтар айтып, сайысқа түседі. Әуен тыңдап, нәзік, қоңыр әуенді сезініп, мазмұнын лайықты сипаттайды.<br>Жаңа әуенді қуана қабылдап, әуеннің сипаты, көңіл күйі туралы әңгімелейді.<br>Сұрақтарға жауап беріп, өз әжелері туралы әңгімелейді.<br><br>- Сен әжеңді қалай қуантасың?<br>- «Әже тілегі» әнінде не туралы айтылады?<br>- Сипаты, көңіл күйі қандай?<br>- Әжемізден үйренген ою-өрнектерімізді бимен көрсетейік. «Өрнек», «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз» би элементтерінің суреттері көрсетіледі.<br>- Енді би қимылы арқылы өрнектейік. Балаларға би элементтерін жалпы көрсетіп, қайталауларын қадағалайды. Алдын ала қиылып дайын тұрған оюлардан текемет, сырмақ құрастыру. Әуенді - қимылды ойын: «Сырмаң жасайың».<br>Саусақтарым майысып,<br>Ою-өрнек оямын.<br>Төрімізге жаятын,<br>**Сырмақ жасап қоямын. Белгі берілгенде, «Прелюдия» (Ғ. Жұбанова) әуен ырғағымен «Сырмақ» құрастырып, балаларептіліктерін көрсетеді.**<br>Дауыс жаттығуларында дикцияның тазалығына, а-э, р-л, ұ-ү дыбыстарының анық айтылуына көңіл аудару. Би элементтерін түсініп, суреттегі бейнеленген ою-өрнектерден ұқсастығын көріп, әсем көрсетуге тырысады. Ою түрлерін атап көрсетеді. Өзептіліктерін, шеберліктерін көрсетіп, әуен ырғағын тыңдай жүріп, сырмақ жасайды.<br>**Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?»**<br>Ұлттық ішекті және үрмелі аспаптарды қолдану.<br>Дауысын тыңдап, ажыратуын, үлестірмелі<br>текшелерден тауып көрсетуді сұрау. | |
| **IV. ҮІӘ-нің қорытындысы.** | Қортынды<br>Сұрақ –жауап | |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексия**<br>**.....** минут | Балаларды мадақтау. | |

